С марта 2020 года все учебно-образовательные учреждения спешно перешли на формат онлайн-обучения, переход на новую форму обучения было продиктовано необходимостью. Этот период для образовательной сферы является переломным, так как пандемия “Ковид-19” поставило перед педагогическим сообществом новые требования: освоение новых технологий, методов, формата обучения, вовлеченность студентов ув учебный процесс и т.д.

Как мы отметили, онлайн обучение как новая форма преподавания в вузах Кыргызстан была введена быстро и повсеместно, как всем известно, в связи с пандемией “Ковид-19”. В связи с чем современные реалии высшего профессионального образования Кыргызстана сегодня требуют пристального внимания и изучения. Подготовка специалистов в вузах Кыргызстана осуществляется в условиях компетентностного подхода, рассмотрение вопросов онлайн обучение требует не только всестороннего и глубокого изучения, но и новых подходов в образовательном процессе вузов. Онлайн обучение, естественно, предполагает использование новых методов в преподавании.

Компетентностный подход, который решает задачи успешной реализации личных и профессиональных качеств студента, в новых условиях требует не только технической оснащенности вуза, но, самое главное, стоит вопрос об умении использовать технические средства в целях подготовки специалистов. Насколько возможно достичь цели обучения в условиях онлайн обучения студентов, обучающихся по направлению “Реклама и связи с общественностью” – вопрос сложный и требует новых подходов в системе высшего

образования. Из сказанного вытекает вопрос о подготовке преподавателей к деятельности в новых условиях и новой модели образования.

К обучению в онлайн формате не были готовы как преподаватели, так и студенты. Проблемы, которые возникли сразу же – это технические средства (неимение, нехватка телефонов, компьютеров), доступность Интернет-связи в отдаленных районах, технические проблемы и другие.

Без сомнения, “Ковид-19” не только обнажил проблемы в образовательном секторе: низкая материально-техническая база вузов и слабая оснащенность техническими средствами, невладевание/ неподготовленность преподавателей к использованию новых технологий, несоответствие традиционной методики преподавания в новых и т.д.

Отметим, и положительные моменты онлайн-обучения: создание условия для более активного интегрирования наших вузов в мировой образовательный процесс, подтолкнул к рассмотрению в образовательной деятельности новых подходов в обучении студентов, также разработке новых моделей образования.

Онлайн-обучение позволяет студентам получать знания в комфортной обстановке, не затрачивая времени и средств на дорогу и т.д.

Также для преподавателей расширяются возможности повышения квалификации и обмена опытом, повышения квалификации и прохождения стажировок, участие в различных мероприятиях и т.д.

Применительно к вузам в перспективе онлайн технологии позволят ускорить реализацию образовательных проектов на разных уровнях. К примеру, реализация двухдипломного образования, обмен студентами между вузами, проведение встреч по актуальным вопросам, организация круглых столов, научных конференций и других мероприятия.

Вовлечение Кыргызстана в мировые процессы, интеграция в мировой образовательный процесс, а также быстро развивающиеся новые информационные технологии и каналы передачи информации требуют инновационных компетенций на рынке труда. В Кыргызстане формируется информационное общество, растет конкуренция на рынке труда и, как следствие, потребность обучающихся студентов как можно раньше начать самостоятельную трудовую деятельность и параллельно с нею учиться, получая высшее образование, возрастает во много раз. Информационно-коммуникационные технологии современности позволяют удаленно сформировать требуемые информационному обществу компетенции. Онлайн формы обучения облегчают освоение дизайн программ, аниме и других средств передачи информации. Причем образовательная среда, которая создается на современном этапе становится тестовой проверкой профессиональной подготовки бакалавров в вузах.

В заключении, отметим, что имеются вузы, успешно использующие онлайн-технологии в обучении студентов. Мы полагаем, что внедрение в образовательную деятельность онлайн-технологий в настоящее время актуально и перспективно, но для этого требуются определенные условия. Компетентностный подход с учетом требований рынка и индивидуальный подход к студентам позволит повысить вовлеченность в учебный процесс студентов.

#### **Литература**

1. ГОС ВПО КР по подготовке бакалавров направления «Реклама и связи с общественностью» (530700) / Утвержден приказом Министерства образования и науки Кыргызской Республики от 15 сентября 2015г.. № 1179/1
2. Лейфа А.В., Павлова Е.В. Обоснование модели исследования готовности преподавателей вуза к профессиональной деятельности в условиях цифровизации образования / Педагогика и психология образования. – 2020.- №1
3. <http://pp-obr.ru/wp-content/uploads/2020/05/2020-1-78.pdf>

**Е.И. ДУДИНОВА,**  
к. филол. н., доцент  
КазНУ им. аль-Фараби,  
факультет журналистики, Казахстан, Алматы  
e-mail: [Elena.Dudinova@kaznu.kz](mailto:Elena.Dudinova@kaznu.kz)

## ЖУРНАЛИСТИКА В ПАНДЕМИЮ: НОВЫЕ ВЫЗОВЫ И РИСКИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Апрельская конференция кафедры ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации КазНУ имени аль-Фараби «Модели обучения международной журналистике в целях устойчивого развития» (МТІҰ) ежегодно собирает профессионалов медиа со всего мира. В этом году, при поддержке Кластерного бюро ЮНЕСКО в Алматы, состоялась пятая встреча, объединившая более ста ученых из 9 стран: США, Гонконг, Польша, Турция, Россия, Украина, Кыргызстан и другие.

Пандемия COVID-19 внесла свои коррективы в образовательный и профессиональный процессы развития мировой медиасферы. И без того стремительно развивающиеся технологии получили новый, порой агрессивный импульс, активизировав скрытые риски, информационные шумы, фейковый контент, ужесточение условия труда журналистов, неравенство в получении онлайн образования, зависимость от интернета, новый уровень требований к преподавателю, форматам и содержанию учебных материалов.

Прошедший год позволил преподавателям наработать определенный опыт и алгоритмы образовательных онлайн-методик, освоить новые цифровые инструменты, техники дистанционной игропедагогики. Медиа-эксперты также отметили новые уровни профессиональной деформации, актуализацию этических дилемм, востребованность экологического контента и всего комплекса ЦУР (17 Целей устойчивого развития ООН) в журналистике.

Модератор конференции – **Радослав Фидлер** – профессор Университета Адама Мицкевича в Познани (Польша), руководитель Школы социальных наук АМУ, заведующий отделом неевропейских политических исследований факультета политологии и журналистики, председатель фонда «Фидлера» предложил всем участникам поделиться бесценным опытом современного понимания задач медиа-образования и отметил важность миссии СМИ – освещать тематику и повестку дня через общественные дискуссии и мониторинг общественного мнения по вопросам продовольственной безопасности, водных ресурсов, энергии, изменения климата, утраты биоразнообразия, экологической этики, инклюзивности.

От имени Представителя ЮНЕСКО в Казахстане, Кыргызстане, Таджикистане, Директора Бюро ЮНЕСКО в Алматы **Кристы Пикат**, участников конференции приветствовал Специалист отдела Коммуникации и информации Кластерного бюро ЮНЕСКО в Алматы, **Сергей Карпов**. В своем выступлении он презентовал участникам учебное пособие для подготовки журналистов, разработанное ЮНЕСКО. Это фактически готовые учебные планы, силлабусы, методические разработки по самым актуальным курсам подготовки современных журналистов, соответствующие международным стандартам. Учебные программы включают темы человеческого развития, интегрируют концепцию устойчивого развития в журналистскую педагогику. Особый интерес вызвал силлабус по профессиональному репортажу в области здравоохранения в режиме борьбы с коронавирусом, а также интерактивная серия ЮНЕСКО по журналистскому образованию.

Глава информационного Бюро ООН Департамента глобальной коммуникации ООН в Казахстане, **Властимил Самек** в своем приветствии поблагодарил и поздравил всех участников конференции, отметил значение встречи для целей устойчивого развития, процветания человечества, всех стран ООН, и конкретно, Казахстана. Подчеркнул важность и ответственность журналистов за предоставление качественной, корректной и проверенной информации.

Заведующая единственной в Казахстане кафедры ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации КазНУ имени аль-Фараби, профессор **Н.Т. Шынгысова** поделилась опытом продвижения ЦУР в образовательном процессе, рассказала о реализованных проектах кафедры по

разработке национальной модели интегративного медиаобразования, внедрению международных стандартов, усилению аспектов медийной информационной грамотности в образовательных программах факультета журналистики, гендерного равенства и баланса в СМИ, переводу учебных материалов на казахский язык.

«КазНУ имени аль-Фараби, являясь глобальным Хабом ООН «Академическое влияние» и наша кафедра тесно сотрудничают с национальной комиссией ЮНЕСКО, ИСЕСКО, с международными организациями. Мы открыты для диалога по вопросам развития журналистского образования в Целях устойчивого развития. Миссия данной конференции – международные консультации по вопросам журналистского образования в период COVID-19, выработка алгоритмов дистанционного обучения. У КазНУ имени аль-Фараби уже накоплен положительный опыт динамичной конверсии образовательного процесса, оперативного реагирования на вызовы онлайн обучения», – отметила Назгуль Турсынбаевна.

Зарубежные ученые: **Джэтин Сривастава** – профессор Огайского университета (США), **Рафис Абазов** – профессор Института Земли при Колумбийском университете (Нью-Йорк, США), **Хаджи Ахмет Шимшек** – профессор университета Кастамону, директор Центр прикладных исследований тюркского мира (Турция) **Суат Колукирик** – профессор университета Акдениза (Турция); **Лидия Малыгина** – к.ф.н., доцент факультета журналистики МГУ имени М. В. Ломоносова (Москва, Россия), **Надежда Лебедева** – доктор философии в области культурологии, профессор философии Международной кадровой академии (г. Киев, Украина) представили свое видение ситуации и поделились бесценным опытом решения проблем современного образования.

Безусловно, основными стейкхолдерами образовательного дискурса являются студенты. Именно для них вузы неустанно совершенствуют процесс обучения, международные рейтинги, технологическую оснащенность, компетенции педагогов и многое другое. Поэтому, большой интерес вызвали выступления студентов из зарубежных вузов: **Мадияр Рахымжан** (Государственный университет Нью-Йорка в Платтсбурге, США) и **Мольдир Шынгыс** (Государственный университет Гонконга). Студенты рассказали об организации дистанционного и смешанного обучения в своих вузах, обеспечении безопасности посещения кампуса и учебных классов. Докторант КазНУ имени аль-Фараби **Шолпан Талгат** представила результаты исследования роли социальных сетей в освещении экологических тем.

Традиционный интерес вызвали выступления эксперта международного фонда защиты свободы слова «Адил соз» **Аженовой Г.Х.**, и регионального консультанта по медиаграмотности представительства Internews в ЦА **Гульнар Асанбаевой**. Выступающие отметили необходимость работы и с журналистами, и с аудиторией.

Участникам конференции были представлены результаты международного исследования «Migration and Sustainable Development: challenge for political tool or opportunity for prosperity», проводимого совместно учеными разных университетов: **Ранджбар Мешкин Даниил** (РУДН, Москва), **Мұқан Сәкен** и **Эльмира Саудабекова** (Нархоз, Казахстан).

Активную дискуссию и фидбек вызвали мастер-классы ведущих специалистов: **Назии Жоямергенкызы** (Президент ОФ «Фонда тюркоязычных журналистов»); **Есенгул Капкызы** (к.ф.н., президент ОФ Центр поддержки журналистов «Мінбер»); **Алуа Мырзахановой** (Координатор по работе с регионами Медиацентра Министерства здравоохранения РК); **Багили Ахатовой** (д. ф. н., профессор кафедры Международных коммуникаций, директор Казахстанской коммуникативной ассоциации).

Конференция, длившаяся пять часов, прошла на едином дыхании, участники с энтузиазмом делились опытом, знаниями, ощущениями от смены привычного образа жизни и невероятных скоростей развития медиатехнологий, рассказывали о проблемах, новых проектах, трудностях смены алгоритмов работы. Активные дискуссии никого не оставили равнодушными. Презентации и выступления проходили одновременно на пяти языках, но языковой барьер не ощущался. Прошедший год заставил по-новому взглянуть на традиционные форматы коммуникации, и коллективный опыт, синтезированный участниками в процессе конференции, позволил сверить, образно говоря, часы и выбор верной траектории развития и движения вперед.

### СЕКЦИЯ ІІІ. МЕЖДУНАРОДНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА В УСЛОВИЯХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

Р. НУРИДЕН, АК ВЕЛЬСАПАР,  
*Шет тілдер және іскерлік карьера  
университетінің профессоры, ф.ғ.к.<sup>1</sup>  
Унсала университеті, Master's Degree, Швеция<sup>2</sup>*

#### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ТӘЖІРИБЕСІНЕН: ШВЕЦИЯ РАДИОСЫ

Швецияда Радио 1925 жылдың 1 қаңтарынан бастап RT (*Radiotjänst* – радиоқызметі) болып құрылып, ұзын толқында осындай атпен хабар тарата бастады. 1938 жылы RT енді қысқа толқында Radio Sweden деген атпен шет тілдерінде халықаралық хабар тарата бастады. Қысқа толқынның қасиеті-алыс қашықтықтарға жетеді. Әр жылдары радиохабар таратуды жетілдіре түсіп, метрлік, ультрақысқа, дециметрлік толқындарды пайдалану нәтижесінде бірнеше радиоарналар ашылды. Нәтижесінде 1979 жылы барлық радиоарналар біріктіріліп, LRAB (*Sveriges Lokalradio*) – «Швецияның жергілікті радиосы» деп аталды. Радио құрылған 1925 жылдан 1987 жылға дейінгі аралық «Монополия кезеңі» деп аталды (1925—1987). 1987 жылдан бастап монополия жойылып, ультрақысқа толқында Швеция радиосының төртінші арнасы хабар бере бастады. 2007 жылдан бастап балаларға арналған «SR Bubbel», кейіннен Radioapans knattekanal деп аталатын радиостанция жұмыс істейді. Сондай-ақ «Білім» арнасы да бөлініп кетті. Швецияда білім беру саласында әртүрлі этникалық топтардың да өкілдеріне мүмкіндік береді. Олар білім алумен қатар өздері мекендейтін елдің тілін, мәдениетін білумен қатар халықаралық стандартқа сай қазіргі мектеп бағдарламасын меңгереді. Осы мақсатта швед тілін білмегендерге арнаулы сыныптар ашылған. Швед тілін оқытумен бірге өз тілдерінде де білім алуға жағдай жас алған.

Кейінгі кездері ұлттық азшылықтың тілдерін дамытуға көп көңіл бөлініп келеді. Швеция жерінде ұлттық азшылық бесеу: саамдар, еврейлер, цыгандар, шведтік финдер, турнедальецтер. Швецияның этникалық саясаты тарихи-саяси тұрғыдан әріге кетеді. Он алтыншы ғасырдан бастап жиырмамыншы ғасырға дейінгі аралықта жергілікті халық-саамдарды ығыстыру арқылы бүгінгі күні азшылыққа айналды. Елдің солтүстігінде өмір сүріп, бұғы өсіріп жүрген көшпелі саам халқы тілінен, дінінен айрылып, басқа мәдениет пен мінез-құлықты бойына сіңірді. Осындай қатаң ассимиляцияландыру саясатын финдер мен турнедалецтер де бастан кешті. Швед өкіметінің мақсаты-бұл халықтарды «нағыз шведтерге» айналдыру болды, сондықтан оларға ана тілін қолдануға тыйым салынды.

Швециядағы алғашқы эмигранттар Ганза Одағынан келген немістер болды. XVI ғасырда елде финдер, цыгандар мен XVII ғасырда металлургияның дамуымен байланысты Бельгиядан келген – валлондар пайда болды. Ал XVIII ғасырда жер ауып келгендердің негізгілері еврейлер мен француз өнер қайраткерлері еді. Оларға Швецияға келуге тыйым салынды, келген күнде де олар өз тектерін жасыруға немесе өзге ұлттар арасына араласуға мәжбүрледі. Қаншама уақыт осындай кемсітушікке ұшыраған бұл топтарға өткен ғасырдың 60-жылдарында швед тілін үйрену, әлеуметтік бейімделуге арналған бағдарламаларды белсенді жүзеге асыру басталды. Арнаулы газеттер мен журналдар шығарыла бастады. 1971 жылдан кейін Швеция байырғы тұрғындар мен мигранттар бойынша өзінің этникалық саясатын өзгертіп, мультимәдениеттілік мұратын іске асыруға кірісті. Бұлар Атазаң мен миграциялық саясатқа, білімге, БАҚ пен телерадиохабарларына, сондай-ақ күнделікті тұрмыс пен әскерге де енгізілді.

1850-1930 жылдары шведтердің АҚШ, Канада, Оңтүстік Америка және Австралияға жаппай көшуі ел үшін ауыр соққы болды. Осы уақытта кедейшіліктен құтылып, жақсы өмірді іздеген 1,5 миллион швед елді тастап кетті, бұл шамамен Швеция халқының 15-20%-ын құрады. Швецияның бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадиохабарларының 1996 жылғы



Заңына сәйкес: «телерадио хабарларымен айналысатын жеке тұлға немесе ұйымның мемлекеттік лицензиясы болса, онда оның қызметі демократиялық қоғамның іргелі тұжырымдамасына кепілдік бола алады...», – деп жазылған. Осы заң қазіргі Швецияның этномәдени алаңында көп мәдениетті бейнелеуді, сонымен қатар ел территориясында тұратын әртүрлі этникалық топтардың жетістіктері мен проблемалары, тұрмыс-тіршілігі жайлы ақпарат беріп тұруды талап етеді. Қазіргі кезде ұлттық азшылық – цыган – романи чиб тіліндегі хабарлар екінші арна арқылы бүкіл Швецияға, ал тағы бір ұлттық азшылық-цыган/ром (Швециядағы аз ұлттардың бес ресми тілінің бірі) мәдениеті мен тілін қолдау үшін Стокгольмнан тарайды.

Саам (солтүстік саам) және фин тілдерінде жекелеген арналар хабар таратады. Ағылшын, араб, күрд, парсы (парсы мен дари) және сомалий тілдерінде де бүкіл Швецияға, сонымен қатар FM-диапазонында Стокгольм аймағына хабарлар трансляцияланады. Бұл бағдарламалар ең алдымен, швед қоғамына кіруге бағыт-бағдар беретін Швецияға жақында ауып келген адамдарға арналған. Швеция радиосының сексен жылдан астам тарихы бар халықаралық бөлімінің хабарлары қысқартылып, қаржы араб, сомалий, цыган тілдерінде таратылатын хабарларға бөлінетін болады. Швеция радиосында сыртқа хабарлар тарату 1938 жылы жүзеге асырылды. Ең алғаш рет швед тілінде аптасына екі рет түнде бейсенбі, жексенбі күндері бір сағаттан қысқа толқында берілген хабарлар Солтүстік Америкада тұратын отандастарына арналды. Ағылшын, француз, неміс, испан, итальян, португал, орыс, белорус, эстон, латыш тілдерінде хабар таратты. Орыс тіліндегі хабар 1967 жылдан басталды, ал эстон мен латыш хабарлары Кеңес Одағы құлағаннан кейін жүзеге асты. Ал литва тілінде тұрақты хабар жүргізуге Швеция жағынан адам табылмады. Алғашқы кезде орыс редакциясынан бес минут берілді, бірақ ұзаққа бармады.

Барлық елдердегідей Швецияда да өзгерістер болып тұруы заңды. 2010 жылдың наурызынан бастап, Швеция радиосының әкімшілігі қысқа және орта толқындардағы хабарлардың тоқтатылатыны туралы шешім шығарды. БАҚ-қа арналған мәлімдемеде былай делінген: «Швеция радиосы Интернеттегі сайттарға сенім білдіре отырып, қысқа және орта толқындардағы хабарларын тоқтатады... Біз өз аудиториямызбен болуымыз керек, қазір біздің аудиториямыз Интернетте... Қаражатты неғұрлым тиімді пайдалануымыз қажет». Осыдан кейін албан, босния, сербия, сирия және хорват тілдеріндегі хабарлар тоқтатылды.

Швеция радиосы (Radio Sweden) – қоғамдық хабар тарату қызметіне жатады, коммерциялық емес, жарнама берілмейді. Швецияның барлық теледидар тұтынатын тұрғындары хабарларды көру және радиоқабылдағыштарды пайдалану үшін ерекше жарна төлейді. Соның есебінен радио мен теледидарды қаржыландырады. Сондықтан сыртқа хабар тарату азая берді. Ең соңғы болып неміс және орыс тілдеріндегі хабарлар тоқтатылды. Қазіргі кезде жаңалықтар барлық тілдерде сайтта жарияланады. Ағылшын тілді сайт күн сайын жаңартылады. Швеция радиосының шетелдік тыңдаушылары үшін жаңалықтардан басқа орыс, ағылшын, неміс тілдеріндегі подкаст бар. Біз Швеция радиосы орыс редакциясының жұмысымен танысу үшін мұрағаттан іздеп тауып, тыңдадық. «Орыс редакцияның девизи-біз шиеленіскен бірде-бір жақтың позициясын ұстанбаймыз, бірақ Швециядағы көзқарастар мен пікірлерді бейнелейміз». Демек, орыс бөлімі Швецияның шетелге хабар тарату радиосының бір тармағы болғандықтан Ресейге швед елін таныстырып келді, екі ел арасындағы достықтың көпірі болы.

Орыс хабары «қырғи-қабак» соғыс кезінде дүниеге келсе де, Кеңес Одағы оны «тұншықтырмады». Өйткені Швецияның демократиялық даму жолын ұстануына байланысты еш қауіп сезілмеді. Калининград пен Мурманскінің, Петрозаводск қалаларының радио үйлерінің шатырларында осы хабарларды қабылдайтын антенналар да орнатылған болатын. 1967-2010 жылдар аралығында хабар таратқан орыс редакциясы қырық жылдан астам уақыт ішінде талай журналистік жолсапарларға шығып, тыңдармандармен қызықты кездесулер өткізіп, тамаша репортаждар жасағандарын айтады. Сондай-ақ бұл жылдар ішінде радиотыңдаушылармен кері байланыс та жолға қойылды. Олар хат жазып, өз ой-пікірлерін білдіріп отырды.

Орыс редакциясының ұнтаспалары мен сұхбаттары сақталған. Олардың ішінде Виктор Некрасов пен Александр Галичтің, Иосиф Бродский мен Булат Окуджаваның дауыстары бар. Ал радиодағы дауыстар-ең құнды, тамаша деректерді еске салады. Олар заман үнін білдіреді, сол кезеңді еске түсіреді. Ондай рухани құндылықтардың уақыт өткен сайын салмағы арта түсетіні сөзсіз. Ингмар Бергман, Астрид Линдгрен және басқа да швед мәдениет қайраткерлерінің үндері орыс аудиториясына жетті. 1992 жылы редакция өзінің 25-жылдығын әуелі Санкт-Петербургтегі тыңдаушыларымен, одан кейін Стокгольмнің Радио үйінде атап өтті. Бұл екі кездесу де барлық арналарда: қысқа және ұзын толқындарда, FM-диапазонында, сондай-ақ ғарыштық байланыстарда таратылды. Одан кейін де мерейтойлар өткізілді. 2025 жылы Швеция Радиосына (Sveriges Radio) бір ғасыр толады. Швецияда талантты журналистер мен өнер қайраткерлері радиохабарлары арқылы көпшілікке танымал болды. Олар: Леннарт Хуланд (Lennart Nyland), Свен Джерринг (Sven Jerring), Якоб Далин (Jakob Dahlin), Лассе Холмквист (Lasse Holmqvist), Ингела Агард (Ingela Agardh), Стина Дабровски (Stina Dabrowski) және басқалар.

Радио и теледидар жүйесін (Public Service) – қоғамдық қызметті швециялықтар жоғары бағалап, үлкен сенім білдіреді. Бұл қызметті қолдау жылдан жылға артып келеді. Үкіметтің өзі бағдарламалар шеңбері бүкіл Швецияны қамтып, барлығына үшін қолжетімді болуына ниетті. Өйткені коммерциялық мүддеге тәуелді емес осындай радио мен теледидардың қажеттігі айқын болып отыр. Қоғамдық радио мен теледидар бағдарламалары тұтас алғанда, жыныс теңдігі, қоғамның әртүрлілігі жағынан да тұрғындарды жаппай қамтуы қажет. Алғышарттар өзгеріп келеді. Мысалы, радио сандық хабар таратуға көшті, өйткені мұның артықшылықтары көп. Дүниежүзінің көптеген елдері қазір сандық хабар таратуда. Ал Швеция FM-радиосының бүкіл жүйесін 2022 жылға қарай толық ауыстыруды жоспарлап отыр. Сандық радиоға көшуді қаржыландыру үшін үкімет мемлекеттік қарыздың қызметі бойынша Басқармадан қарыз алады. Ал әзірше қаржыландырудың қазіргі жүйесі сақтала береді. Теледидар иелері абоненттік төлем төлейді, бұл тұрғындардың көңілінен шығып отыр. Ел халқының 90% төлейді және абонент саны өсіп келеді. Дәл осы үлгі теледидар мен радиоға коммерциялық құрылымдардан тәуелсіз болуға кепілдік береді. Сонымен қоғамдық радио мен теледидар жөніндегі үкімет ұсынған Заң жобасының негізгі кезеңдері: – 2022 жылға дейін FM радиосын сандық қызметке ауыстыру; – ТВ-абоненттер арқылы қаржыландыру (лицензиялық).

Әзірге дау – дамай теледидары жоқ, бірақ компьютер немесе басқа құрылғылар арқылы Швеция радиосы (SR) мен теледидары (SVT) мен оқу – ақпараттық телеарна хабарларын қабылдай алатындар абоненттік төлем төлей ме, жоқ па деген төңіректе туындап отыр. Теледидар мен радио өз материалдарын қазір сайттарға салады: мәтін, сурет/таспа және дыбыстық файлдар барлығы бар. Швед радиосы қоғамдық хабар таратушыларға елдегі ұлттық азшылықтың ресми, олармен қатар идиш және цыган/рома чиб тілдерінде берілетін хабарлар үшін көбірек қаржы бөлуін қалар еді. Оқу-ақпараттық немесе жалпы білім беру арнасы (UR) тұрғындардың әртүрлі топтарының білім деңгейлерінің айырмашылығын азайту мақсатында балалар мен ересектер үшін қосымша 50 миллион крон алады.

Швеция демократиялық ел болғандықтан қоғамның әртүрлі деңгейіндегі демократиялық құрылымдар арқылы басқарылады. Сонымен қатар ел монархия болып саналады. Демек, мемлекетке патша немесе патшайым ие болады, бірақ саяси билігі жоқ, тек рәсімдік қызметтер орындайды. Елді демократиялық жолмен сайланған мемлекеттік қайраткерлер басқарады. Швецияда шешімдерді қабылдау үш саяси деңгейде жүзеге асырылады. Бұл деңгейлер: коммуналар, ландстингтер мен мемлекет. Сондай-ақ Швеция Евроодақтың бір бөлігі болғандықтан шешімдерді қабылдаудың мемлекеттен жоғары деңгейі де бар.

Демократия жағдайында сыбайлас жемқорлық пен билікті асыра пайдалануға қарсы тұратын бақылаушы қызметтер де үлкен роль атқарады. Конституцияға сәйкес БАҚ және тұрғындар елдегі басқару қалай жүзеге асып жатқандығы туралы білуге құқықтары бар. Осының арқасында Швеция сыбайлас жемқорлық пен билікті асыра пайдаланушылықтан кейбір елдер сияқты көп зардап шеккен жоқ. Елді басқару мәселелерді реттеуші Акт негізгі

заң болып саналады. Ол мынадай сөйлемдерден басталады: «Швециядағы барлық қоғамдық өкімет халықтан басталады». Бұл дегеніміз-қоғамның әртүрлі дәрежедегі қабылданған шешімдері Швеция тұрғындарының мұраттары мен көзқарастарына негізделеді деген сөз. Саяси өкімет шартты түрде әртүрлі деңгейге бөлінеді: муниципалитет, ландстинг және аймақ, мемлекет пен Еуроодақ. Бірақ қоғамда бұдан басқа да демократиялық жүйе үшін мәні бар бірнеше орталықтар өмір сүреді. Азаматтық қоғам, бұқаралық ақпарат құралдары және нарық демократиялық қоғамның маңызды субъектілері мен алаңдары болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары (газеттер, радио, телевизия және Интернет) мемлекеттік биліктен тәуелсіз болуына байланысты қолдарында күш құрылымы бар саясаттанушылар мен басқа да адамдарға еркін ақпарат бере және бақылауға ала алады. БАҚ-тың маңызды міндеті-өзекті әлеуметтік мәселелерді қоғам талқысына салу.

Швецияда жұмысшы, экология және салауатты өмір сүруге арналған халықтық қозғалыстар азаматтық қоғамның қуатты күш екендігінің мысалы болып табылады. Қоғамда не үкімет, не нарық мұндай қозғаушы күшке ие бола алмайды. Азаматтық қоғам демократияның маңызды бөлігі болғандықтан азаматтардың ортада болып жатқан мәселеге араласуына және оған ықпал етуіне мүмкіндігі бар. Сөз және баспасөз бостандығы азаматтардың саяси өмірге қатысуына жанама үндеу болып табылады. Азаматтар БАҚ және саясат өкілдерімен жолығып, өз ой-пікірлерін ашық білдіре алады. Швед теледидары бағдарламаларының маңызды бөлігі қазіргі әлемдік үдеріске байланысты көңіл көтеретін бағдарламаларға арналатынын байқауға болады.

Швециядағы сөз бостандығы. Швециядағы сөз бостандығының тарихи тамыры тереңде. Біз айтқандай, 1766 жылдың екінші желтоқсанында цензура алынып тасталды және дүние жүзінде алғаш рет сөз бостандығы туралы заң қабылданды. Кейін оның негізгі ережелері елдің Конституциясына енгізілді. Бұл ұлттық бірегейлік пен қазірге дейін қоғам мен аудитория арасындағы күрделі өзара қарым-қатынасты сақтайтын әлемдегі неғұрлым еркін медиажүйе құрудың алғашқы бастамасы болды. Сөз бостандығы жолында тоғыз қағидат қалыптасты. Білімді билік-сөз бостандығы жолында. ХҮІІІ ғасырдың ортасында Швецияда ғылым мен мәдениеттің дамуымен «бостандық ғасыры» басталды. Оның көпшілігі король Адольф Фредриктің билігі кезіне тура келді. Әсіресе швед баспасөз бостандығы дамуы үшін мұның маңызы зор болды. Әрине, сөз бостандығы туралы заң швед тарихының өн бойында бірнеше рет өзгерді (1812, 1949 және 1982 жж). Қазіргі кезде пікір білдіру бостандығы туралы Заң (1991 жылы қабылданған, түзетулер 2003 ж) – неғұрлым кең құжат, баспасөзден бөлек барлық медианы: радио, теледидар, интернетті қамтиды. Сауаттылықтың негізі – Реформацияда. Протестанттық реформация кезінде де Қасиетті сөзді әркім түсініп оқу үшін сауаттылық қажет болды. Сондықтан 17-18 ғасырлар аралығында алғашқы газеттер пайда болып, швед қоғамы оқуға дайындықпен келді. Әскери хроникалар, өзекті мәселелер жайлы айтыстар, әдеби дебаттар – көптеген жанрлар мен тақырыптар түпнұсқа емес, британ және француз баспасөзінен алынды. Алайда сауаттылық пен білімділіктің жоғары деңгейі елде сөз бостандығы мен баспасөз бостандығының мызғымас негізін қалады. «Халық үйі»: мемлекет барлығы үшін. Батыс Еуропаның көптеген елдерінде сөз бостандығы дәстүрі мемлекет немесе оның билеушілері арқылы қалыптасты. Бірақ барлық елдерде Швециядағыдай соншалықты ықпалды бола алған жоқ. Қоғамдық хабар тарату – қоғамдағы бәтуаластық. Батыс Еуропаның көптеген елдері сияқты Швецияның қоғамдық радиосы мен теледидары азаматтардың олардың тұрған жеріне, табысына, телерадио қабылдағыштарының техникалық деңгейіне қарамастан тең ақпарат алуына мүмкіндік берудің кепілі болып табылады. Саяси көзқарастары тұрғысынан әртүрлі баспасөзден – Швецияның қоғамдық хабар таратуы қызметі саяси емес институт ретінде тұтас қоғамға арналып құрылды. Бұл меншік құрылымына да әсер етті: 1960-жылдары оның құрамына әртүрлі қоғамдық күштер – кәсіподақтар, тұтынушылар ұйымдары, шіркеу, баспасөз және бизнес. Нәтижесінде SVT және SR мемлекеттен тәуелсіз болды және олардың қоғамдағы саяси ықпалы өсті.

Швецияның қоғамдық хабар таратуының тағы бір ерекшелігі – барлық көрермендер мен тыңдармандар қаржыландырады: олар тұрақты түрде теледидар мен радионы пайдаланғандары үшін лицензия төлеп келді. (2019-жылы лицензияны жойды – енді елдің барлық тұрғындары қосымша салық төлейді). Тәжірибеде аудитория үшін SVT және SR арналарында коммерциялық жарнама берілмейді.

Интернеттегі сөз бостандығы. Швеция 1990-2000-жылдар аралығында интернетті енгізу жөнінде әлемдік жетекшілер санатында болды. Ғаламдық жүйенің жоғары деңгейіне қол жеткізе білген ел жаңа технологияны өндіріске және сервистік экономикаға енгізді. Швецияның Жапониямен тең дәрежеде 1980-жылдары келе жатқан ақпараттық қоғамның прототипі болуы тектен тек емес. Сөз бостандығы және қоғамдық маңызды ақпараттарға кең түрде адамдардың қол жеткізе алуы және жаңа интернет-кеңістік үшін заңмен бекітілді. Швецияда интернеттің дамуы қоғамды ақпараттық байланыспен және қазіргі заманғы медиа-платформамен жедел қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар елдің одан әрі технологиялық дамуына негіз қалап, болашаққа жол салу болып табылады.

#### Қолданылған әдебиет

1. Википедия. Шведские СМИ.
2. Gunnar Hallingsberg. Stockholm-Motala. Radion i Sverige från 20-tal till 50-tal. Stockholm: Atlantis, 1999.
- Gunnar Hallingsberg. Tidens tusende tungor. Radion i Sverige från 50-tal till 90-tal. Stockholm: Atlantis, 2000.
3. Mari-Anne Barrefelt – Lasse Boberg – Arne Weise. Våra 100 år med radio och TV. Stockholm: ICA Bokförlag, 2011.
4. Sveriges Radios historia – år för år. (Швеция радиосының ресми сайты): [sverigesradio.se](http://sverigesradio.se)
5. Википедия. Шведское радио.
6. Котлова Е. С. В поисках баланса: шведская модель этнической политики на современном этапе Арктика и Север. 2016. № 25. стр.24.
7. diosweden.org – официальный сайт Шведское радио (англ.)
8. sr.se/international/ – официальный сайт SR International.
9. Радио Швеция на русском. История летописцев из Стокгольма. Латышское радио. 19.02.2018.
10. Шведская литература и наука// Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 т. (82 т. И 4 доп.) – СПб., 1890-1907.

Д. АМАНТАЙ,

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*журналистика факультетінің магистранты*

**Ж. ИМАНАЛИЕВ,**

*ф. г. к., журналистика факультетінің доценті*

*Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

## ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙЛЫҚ ГАЗЕТ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Қазіргі қытайлық газет индустриясындағы бәсекелестіктің дамуының тарихи эволюциясы барысында олардың барлығы халықаралық коммуникацияның тарихымен тығыз байланысты. «Халықаралық байланыс дегеніміз – бұқаралық ақпарат құралдарын қолдана отырып, яғни белгілі бір әлеуметтік топтың аудиториямен баспа байланысы (газет, кітап) немесе электронды байланыс (радио, кино, теледидар) арқылы кең әлеуметтік байланысы» [1]. Ақпараттың халықаралық коммуникациялық мәртебесі көбінесе елдің ұлттық қуатының көтерілуі мен құлдырауымен байланысты. Қазіргі Қытай отарланған медиа дискурсты пассивті түрде қабылдайды. Батыс миссионерлері қытайлық дәстүрлі мәдениеттің бетпердесін киіп, бұқаралық ақпарат құралдарын басқару тұжырымдамалары бар екіжүзді тұлғалар болып көрінеді, бірақ олардың ішкі қасиеттері – жалаң мәдени инфильтрация. 1870 жылдардан бастап шетелдік медиа-капиталдың масштабының және оның күшті дискурсивті гегемониясының әсерінен қазіргі газет саласы реформаторлық және революциялық буржуазиялық газеттер бірінен соң бірі пайда болып жатқанын және қазіргі заманғы

халықаралық стандарттарға сәйкес келетіндігін түсінді. Халықаралық коммуникация қазіргі медиа өмірдің сыртқы ортасы үшін эксклюзивті сөз емес. Бұл қазіргі заманғы «шығысқа қарай батыстық оқыту» сияқты. Қытайдың газет индустриясының дамуы барысында ол әрдайым бай медиа фон ұсынды және Қытайға терең ықпал етті.

**Қытайдың қазіргі заманғы индустриясының уақытша категориясын анықтау.** Қазіргі қытайлық газеттердің уақыт аралығы 1815 жылдан бастап (Малаккада «Чейздің ай сайынғы зайырлы жазбалары» жарық көрді) 1915 жылға дейінгі кезең деп саналады (Шанхайда «Жаңа Жастар» журналы шыққан) [1]. Қытайлар газеттерді бір-біріне тәуелсіз құрды. Ай Сяомей алғаш рет 1873 жылы Ханькоуда Чжауэн Синбаоны құрды, бірақ газет ұзаққа созылмады. Кейіннен, 1874 жылы қаңтарда алғашқы газет шығарушы және саяси шолушы Ван Тао Гонконгта «күнделікті айналым» құруды қадағалады. Сол кезеңде газетші Ронг Винг Қытайдағы материкте алғашқы қытайлық газетті, Шанхайда қытайлықтар ұйымдастырған «репортажды» құрды. Осыған байланысты қытайлық қазіргі заманғы газеттер шыққан уақытқа қатысты көптеген даулар бар. Ни Янниан мен У Цян мырза өздерінің редакторлығымен шыққан «Қазіргі Қытай газеттері мен мерзімді басылымдарының тарихында» былай деп атап өткен: «Шетелдік миссионерлер 19 ғасырдың басынан бастап Қытайдың материктік бөлігінде қытайлық газеттер мен мерзімді басылымдар құрғанымен, олар газет және мерзімді басылым емес. газеттер мен мерзімді басылымдар біршама қатал сияқты, бірақ Ай Сяомей, Ронг Хун, Ван Тао және басқалар құрған қытайлық газеттер мен мерзімді басылымдардың бірінші легі әлсіз немесе материктен алыс, сондықтан қазіргі заманғы әлеуметтік рөлді байқау қиын Қытай газеттері түсінікті бола бастады. Біздің ойымызша, қазіргі заманғы қытайлық газеттер шығарған басты белгі – Кан Ювэй және басқалары 1895 жылы Пекинде құрған ең алғашқы саяси журнал Zhongwai Jiwen болуы керек. Әрине, бұл белгінің пайда болуы кенеттен емес: газет-журналдардың негізін қалаған ата-бабалардың (оның ішінде шетелдіктер мен қытайлықтардың) теориясы мен практикасының арқасында. олар Гонконгта, Гуанчжоуда, Шанхайда, Ханькоуда, Фучжоуда және басқа жерлерде болды. Қытайлықтардың өздері құрған қытайлық газеттер мен мерзімді басылымдардың алғашқы партиясы қазіргі қытайлық газеттер мен мерзімді басылымдардың басталуы, сонымен бірге қытай буржуазиялық газеттерінің дүниеге келуі ретінде қарастырылуы мүмкін» [3].

Бір қарағанда, екі ғалымның, Ни мен Вудың көзқарастары орынды, бірақ олардың пікірлерін талқылауға лайықты үш аспект бар. Солардың бірі – 1890 жылдардағыдай қазіргі қытайлық газеттердің шығу уақытының өрнектеріндегі сәйкессіздік пен түсініксіздік. Бұл пайда болу символы. Сондай-ақ, 1850 жылдар қазіргі қытайлық газеттердің бастауы болды деп есептеледі. Сонымен бірге кітаптың 9-бетінде «Қазіргі қытайлық газеттердің даму тарихы негізінен Қытай буржуазиялық революциясының дамуымен сәйкес келеді. Яғни, Қытай буржуазиялық революциялық қозғалысының оң және прогрессивті алғашқы кезеңі болған кезде, қазіргі қытайлық газеттер де өрлеу кезеңінде болды». Екіншіден, «қазіргі қытайлық газеттерді» түсінуде «Қытай (адамдар)» негізін қалаушылардың негізгі органы ретінде алынды, объективті тарихи тұрғыдан газет саласының даму процесінде тарихқа байланысты «Қытай (халық)» аймақтық бірлік ретінде қарастырылмауы керек. Неге десеңіз, «қазіргі қытай газеттері» мен «қытайдың қазіргі газеттері» әр түрлі мағынаға ие. Егер бұл соңғысы болса, онда әзірге Вудың да, оның да пікірін ақтауға болмайды, бірақ бұл газет индустриясының тарихи даму фактілеріне қайшы келеді. Үшіншіден, шетелдік миссионерлердің газет құру процесінде газеттердің формасы мен мазмұны біртіндеп қытайлықтарға тартыла бастады, ал кейбір газеттер ынтымақтастыққа қатысқан қытайлық журналистерді өзіне сіңірді. Мысалы, кейбір газеттер мен мерзімді басылымдар кейіннен Шэнь Баоны алмастан бұрын Ши Лян сияқты қытайлықтардың қолына өтті. Сондықтан, Фан Ханчи мырзаның көзқарасы бойынша, қытайлық заманауи газеттердің 1815 жылы миссионерлер құрған қытайлық газеттер мен мерзімді басылымдардың алғашқы партиясы ретінде қашан шыққанын анықтау газет индустриясының тарихымен сәйкес келеді және пікірталасқа жағдай жасайды.

**Инфильтрация және трансплантация: қазіргі батыстық газет индустриясының шығысын кеңейту.** Қазіргі қытайлық газеттердің пайда болуы мен дамуының тарихына тоқталсақ, оның тарихын қарастыра отырып, біз екі негізгі аспект туралы қорытынды жасауға болады: олардың бірі – ішкі себеп. Бір жағынан, қазіргі Қытайдағы капиталистік экономиканың пайда болуы мен дамуының арқасында газет саласы үшін материалдық жағдайлар жасалды. Екінші жағынан, әлеуметтік жағдайдың тез өзгеруі, әсіресе апиын соғысына дейін және одан кейін адамдар түрлі газеттердің үнемі пайда болуына көмектесіп, аласапыран қоғам туралы ақпаратқа құмар; екінші себеп – сыртқы себептер. Батыс факторы шығысқа бағыт алған батыстық газет индустриясының дамуы мен мәдени экспанциясы басты фактор болып табылады. Қытайдың қазіргі газет саласы апиын соғысына дейінгі батыстық миссионерлердің миссионерлік қызметінен туындады. Миссионерлер оңтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс жағалау аймақтарында 6 қытайлық газет пен 11 шет тілді газет шығарды. Апиын соғыстан кейінгі жарты ғасыр ішінде миссионерлер құрған 170-ке жуық қытайлық және шетелдік газет пен мерзімді басылымдар болды, олардың үлесіне сол кезеңдегі қытайлық газеттер мен мерзімді басылымдардың жалпы санының 95% келеді. Мазмұнды редакциялау, басып шығару және тарату тұрғысынан заманауи Қытай ұлттық газеттерін дүниеге әкелген осы газеттер болды. Апиын соғысына дейін Цин үкіметі елді жабу және дінге тыйым салу сияқты қатаң саясат жүргізді. Шетелдік миссионерлер мен олар құрған газеттердің көпшілігі Оңтүстік-Шығыс Азияда ғана шығара алады, содан кейін материктегі тарату мүмкіндіктерін іздейді. Бұл газеттердің негізін қалаушылардың көбі өнеркәсіптік өндіріс салыстырмалы түрде дамыған, ғылым мен техника салыстырмалы түрде дамыған, газет саласы дамып келе жатқан Батыс елдерінен шыққандықтан, олар Бейжің жаңалықтары мен ресми газеттеріне қарағанда заманауи бизнес тұрғысынан және жинау, редакциялау және басып шығару сияқты мәселелерде әлдеқайда алда болды. 19 ғасырдан бастап батыс миссионерлерінің шығысқа қарай жылжуымен қазіргі қытай газеттері пайда болды. Қытайда шетелдік газеттер енгізілгеннен кейін зиялы қауымның бір бөлігі баспасөзге белсенді қосылып, «батыстық білім беруді» енгізіп, өздерінің газет-журналдарын шығара бастады. Миссионерлер 1815 жылы тамызда алғашқы қытайлық газет, Chase Secular-тің ай сайынғы жазбаларын шығарғаннан бастап, «шетелдіктер де, қытайлық газеттер де өздерін Қытайды жарнамалауға міндеттенді. Мәдени жаһандану үрдісіне енудің миссиясы – бұл газеттердің әр түрлі басталуы репортерлердің біліктілігі мен мақсаттар айырмашылығына байланысты болды. Бірақ соңында олар бір мақсатқа әртүрлі тәсілдермен жетті, мәдени жаһандану үрдісіне байланысты баяу жақындасты» [4]. Дегенмен, заманауи қытайлық газеттердің дамуы, олардың насихаттық әсері болсын немесе олардың индустриялық моделі болсын, батыстық коммуникация тұжырымдамаларында немесе медиа-капиталдың қызмет ету тұжырымдамаларында терең орын алған.

**Батыстың медиа мәдениеті мен санасына ену.** Апиын соғысына дейін миссиялық құжаттар жағалаудағы аудандарға бағытталған және негізінен батыстық христиандар мен мәдени түсініктерді жеткізу үшін қытайлық дискурсты қолданған. Апиын соғысынан кейін олардың газет қызметі ішкі тереңдеп, Шанхай қазіргі газет индустриясының орталығына айналды. 1840 жылдар мен 1990 жылдар аралығында шіркеулердің немесе миссионерлердің атынан 170 қытайлық және шетелдік газет пен мерзімді басылымдар құрылды, бұл сол кезеңдегі қытайлық газет пен мерзімді басылымдардың жалпы санының 95% құрайды. Осы кезеңде шетелдіктер құрған қытайлық газеттерге негізінен мыналар кіреді: Ся Гуанчжэнь, Люхэ Конг Тан, Чжунвай Синбао, Қытай шіркеуі жаңалықтары, Қытай және Батыс тыңдалымдары, Ивенлу және басқалар. Басылымдар бір жағынан ел арасында кеңінен тарайды. Екінші жағынан, олар Қытайдың ішкі істеріне араласқанын көрсетті. Осы басылымдардың ішінде әсіресе «Әлемдік бюллетень» ықпалды болды. Ол 1868 жылы 5 қыркүйекте Шанхай қаласында құрылды. Көптеген жылдар бойы жетекші жазушылар қатарына Лин Лежи мен Тимоти Ли кірді. Журнал христиандық доктринаны, батыс мәдениетін, қытайлық және шетелдік ағымдарды біріктіретін үгіт-насихат стратегиясын қабылдайды. Оның басты мақсаты – дүрбелең ортада Қытайдың ішкі істеріне заңды түрде араласу және идеологиялық өріске

ену. Шетелдік жаңалықтардың Қытай дипломатиясындағы рөлін талқылау кезінде қазіргі журналистика ғалымы Ге Гунчжэн айтқандай: «Бірінші шетелдік жаңалықтар Қытайды құрметтейді және оған түсініктеме беруге батылы бармайды. Бірнеше соғыстан кейін ұятты ескертулер де ашты. Бұл ұят емес. Ол қатал және бұрмаланған, ақпаратты шатастырады шатастырады және ешнәрсе жасамайды».

Шетелдік газеттердің әсерінен Батыс мәдениетін жақсы білетін кейбір зиялылар Гонконгта қазіргі заманғы Қытай газеттерін шығара бастады, мұнда кеме қатынасы жақсы дамыған. Олардың ішінде ең ықпалдысы – 1874 жылы 5 қаңтарда Ван Дао құрған «дөңгелек күнделікті газет». Бұл Ван Даоның батыстағы саясатқа, ғылымға, мәдениетке және Еуропадағы дамыған коммуникациялық тұжырымдамаларды қолданып, сонымен бірге өзінің ерекше газет ойлауы мен іскерлік философиясын қалыптастырғандығымен байланысты.

Қытайлық және батыстық коммуникация мәдениетінің өзара алмасуы мен әсері қытай журналистикасының орнығуы мен дамуына ықпал етті. Бұл сондай-ақ заманауи батыс журналистикасын зерттеу және тарату үшін ұзақ уақытқа кеткен журналистиканың негізін қалаушылармен байланысты. Журналистика процесінде олар батыс журналистикасының негізгі теориялары мен сол кездегі Қытайдағы журналистік тәжірибенің ең жоғары деңгейінің үйлесімін жүзеге асырды. Ол әртүрлі заманауи қытай журналистикасын дамытты, әртүрлі тұжырымдамаларды, тәжірибелерді және зерттеу әдістерін енгізді, төрт негізгі тілдерде: ағылшын, неміс, жапон және қытай тілдерінде ұсынылды. Олардың ішінде Ге Гунчжэннің «Қытай журналистикасының тарихы» ерекше сипат алады. Бұл кітаптың кіріспе бөлігі жаңалықтардың нақты теориясы болып табылады. Оның құрамында 10 000-нан астам сөз болса да, анықтамалықтар ағылшын, неміс және жапон тілдерінде айтылады. Құжаттардың 22 түрі бар. Толық кіріспенің ойлау құрылымы мен пайымдау әдісі негізінен қытай әдебиет теориясының дәстүрлі тәсілі болып табылады. Қытай журналистикасы негізін қалаған кезде әлемдік журналистиканың алдыңғы қатарында болғанын байқауға болады. Кейін Цай Юанпей нақты баға берді: «Біздің елдегі жаңалықтардың шығу тегі бұрынғы Дибао жаңалықтардың табиғатынан өзгеше, бірақ Қытай газеттері үшін ондаған жылдар бойы журналистиканың белгілері пайда болғанға әлі де кеш емес» [6].

Екіншісі – индустриялық деңгей: батыстық медиа-капиталды трансплантациялау және іскерлік философия. Қазіргі заманғы қытайлық газеттер мен мерзімді басылымдарда негізінен діни газеттер, саяси газеттер, коммерциялық газеттер, кәсіби газеттер, ойын-сауық газеттері және басқалары бар. Алайда, Қытайдың газет индустриясының нақты өкілі – бұл шетелдіктер пайда табу мақсатында құрған күрделі коммерциялық бизнес. Сол кезде ұлттық коммерциялық орталық Шанхай да ірі газеттердің бәсекелестік орталығына айналды.

1872 жылы 30 сәуірде Мейтчтің британдықтары және басқалары Шэньчжэньді құруға қаражат жинап, 1861 жылы қарашада құрылған «Шанхай жаңа жаңалықтары» эксклюзивті жұмыс схемасын бұзды. Мейча өзі айналысатын газет саласына іскер адам тұрғысынан қарады және газеттің мазмұны, таралуы және бағасы бойынша Shanghai New News-пен бәсекелесті. Мейча «бұл газет қытайлықтарға арналған, ал мәтін қытайлықтардан болуы керек» деп санайды. Осылайша, мазмұн мүмкіндігінше қытайлық оқырмандардың талғамына сай болуы керек. Газеттерде жаңалықтар, шолулар, әдебиет пен өнер (толықтырулар) және жарнама жарияланып, газеттерде баға ұсыныстарын айтарлықтай төмендетіп, тарату арналарын белсенді түрде кеңейту режимі қалыптасты. Сондықтан Шанхай Синбаоның бәсекелесі 1872 жылы 30 желтоқсанда автоматты түрде жариялауды тоқтатуға мәжбүр болды. Шен Бао тек Шанхай басқаратын қытай тіліндегі газетке айналды. Бұған дейін 1861 жылы құрылған «Шанхай Синбао» «Шанхайдағы Қытай газеттерінің алғашқы жаңа жұлдызы» деп жарияланды. «Алайда, газеттердің редакторлары барлығы миссионерлер болды, ал газет қатты діни атмосфераға ие болды және бизнес ретінде дамуын қажет етеді. Мысалы, ірі әлеуметтік жаңалықтарды, үздіксіз немесе орталықтандырылған репортаждарды жариялағанда, ең типтік газета – 1873 жылы Чжэцзян провинциясының Юхань округінде болған Ян Найу мен Сяобай оқиғасы. Сол кезде Шэньбаода дистрибьюторлық бөлім болған. Янчжоудан бес ай өткен соң, Шэньбао алғаш рет 1874 жылы 16 қаңтарда «Ю Ханшэннің ісін еске түсіру»

тақырыбында мақаласын жариялады. Мақаласында «Кісі өлтіруші Ян Найудың есімі – Ю Ханшэн» деп жазылып, оның қылмысқа қалай әкеп соқтырғаны туралы хабарлады. 18 сәуірде «Ю Ханшэннің өмірін еске түсіру» мақаласы жарияланды, онда аудандық сотта екі өлімге сотталғандығы туралы хабарланды. Янгтің әпкесі сот үкімін қабылдаудан бас тартып, Пекинге шағым түсіру үшін барды. Ол ауруына байланысты жарты жолда қайтарылды және іс провинцияда қаралды. Барлық процесс туралы есептер келесі «Жас іс» мақаласында дәйекті түрде жарияланды. 1877 жылдың сәуіріне дейін Қылмыстық әділет министрлігі «Юхань ісі» бойынша сот ісін жүргізді. Есеп төрт жыл бойы үздіксіз жарияланды, бұл ауқымды әлеуметтік зардаптар тудырды. Сонымен қатар ШэньБаоның танымалдығын арттырды. 1899 жылы 4 қарашада американдық Фукайсен 1893 жылы британдық Данфорт құрған жаңалықтарды Ван Хансидің бас менеджері етіп сатып алды. Содан бері постер индустриясы Шэньбао және газет арасындағы екі армияның текетіресіне айналды. Жаңалықтардың үш бәсекеге қабілетті әдісі бар:

- 1) экономикалық жаңалықтарға негізделген іскерлік ақпараттарды жедел енгізу;
- 2) жаңа полиграфиялық жабдықты үнемі сатып алу үшін шығыс пен батыстан қарыз алудың капитал айналымы әдісін қолданады;
- 3) жаңалықтар қабылдау, шетелдік телекоммуникацияларды тікелей тыңдау және жаңалықтарды жариялауға уақыт сатып алу үшін радиостанциялар құруға үлкен қаражат жұмсайды. 1929 жылға қарай екі ірі газет тең жағдайда болды.

«Шетелдік газеттердің қалыптан тыс өркендеуі шетелдік капитал импортының көрінісі болып табылады. Империалистік экономикалық агрессия үлкен пайда табуға бағытталған және ол көбінесе батыстық мәдениетке еніп, содан кейін сыртқы және ішкі сипатқа ие болады» [7]. Қытайдың ұлттық буржуазиялық баспасөзі қазіргі газет-журналдар негізінен екі санатқа бөлінеді: бірі – коммерциялық газеттер (кейінірек бұл миссионерлер құрған діни-мәдени газеттер болды); екіншісі – буржуазиялық партиялардың газеттері. Мәдени мұра тұрғысынан батыстың діни мәдениетін терең дәстүрлі қытай мәдениетімен салыстыруға болмайды. Сондықтан тарих барысында осы шетелдіктер басқаратын коммерциялық газеттер біртіндеп Қытайдың ұлттық капиталының қолына көшті. Тілде қарым-қатынас жасау, әдет-ғұрыптарға қызмет ету және бизнесті кеңейту мақсатында Қытайда қытайлық газеттер құрған шетелдік капитал қытайлықтарды газет шығаруға, редакциялауға және шығаруға қатысуға жалдады. Кейінірек, ол Қытай капиталының өсуімен және оның осы саладағы бай тәжірибесімен біртіндеп шетелдік газет капиталын басқарды. Шэньбаоның дамуы осыған таптырмас мысал бола алады.

Британдық және американдық газеттер сияқты Шэньбао мен газеттер де негізінен Қытайдағы империалистердің экономикалық қызметі үшін форумдар ұсынады және олардың өнімдерін жарнамалайды. Алайда олардың жаңалықтар бизнесі мен өндіріс құралдарындағы үнемі өзгерістері тиімді бәсекелестікке байланысты, сондай-ақ олардың газет капиталы мен алдыңғы қатарлы бизнес-концепцияларының енуі Қытайдағы жергілікті газет индустриясының дамуына өлшеусіз әсер етеді. Мысалы, 1874 жылы құрылған «циркулярлы күнделікті» негізінен форматта шетелдік қытайлық газеттерге еліктегенімен жарнамалары газет беттерінің 3/4 бөлігін алатын. Сонымен қатар, олар әртүрлі мәдени іскерлік операцияларды жүзеге асыру үшін полиграфия саласына сүйенеді. Мысалы, 1880 жылы 24 қарашада «Circular Daily» газетінде жарияланған «Қытайдың баспа бюросының конфессиялары» мақаласында: «Бұл бюро – Гонконгтың орталығында орналасқан Байбу баспалдағы. «Circular Daily» газетінен басқа ай сайынғы карточкаларын басып шығарады, сонымен қатар Хуан Цзунсянның «Жапонның әр түрлі өлеңдерін», Ван Таоның «Хэнхуагуан» өлеңдер жинағын және «Полиция», «Франция» сияқты кітаптарды сатады.» Таймс бастапқыда саяси теориясы күшті газет болған, бірақ сонымен бірге жаңалықтар мен ойын-сауықтарды оқырмандарды қызықтыру үшін әр түрлі функцияларды қарастырды. Атап айтқанда, «Шива» газеті әдеттегі газеттерден басқа көптеген жаңа стильдегі мәдени іс-шараларды және өндірістік қызметтерді насихаттайды, газеттердің жан-жақты әлеуметтік функцияларын баса айтады. Мысалға, қытайлық және шетелдік актуальды оқиғалар туралы кітаптар шығару, басқалардың атынан кітаптар мен



газеттер сату, мектептерді бірлесіп ұйымдастыру және сол уақытта бизнесті жүргізу және т.с.с. мырзалар басқаратын газет ретінде ол толығымен өзін-өзі қаржыландырды және өзінің кірісі мен шығыны үшін жауап берді. Шэньбао және Ньюс сияқты ірі корпоративтік газеттердің жолымен жүрмегенімен, оның қызметі, әсіресе сатылымы мен таралуы, айқын өндірістік сипаттамаларға ие болды.

Shiva Daily-дің таралуы көбінесе газеттердің әр түрлі жерлерде ұйымдастырған агенттік сатылымдары арқылы жүзеге асырылады. 18 провинцияда 138 сату нүктелері бар, тіпті Жапония мен Сингапурдың шетелдік сауда нүктелері бар. Әрине, осы кезеңде коммерциялық газеттер корпоративті модельді қабылдай бастады, бірақ газет тобы әлі қалыптасқан жоқ. 1930 жылдары белгілі газет қызметкері Ченг Ше батыстың газет топтарын тексерді. Қытайға оралғаннан кейін ол Қытайда газет трестін құрды және жаңалықтар компаниясын құрды. Оның мақсаты он ірі газетті, сондай-ақ ақпараттық агенттіктер, жаңалықтар зерттеу орталықтары мен тұрақты газеттер құру, жаңалық басылымдарын, жаңалықтар пиктограммаларын және басқа газет топтарын зерттеу болды. Бұл қазіргі қытай журналистикасы тарихындағы газет топтарының саналы және жүйелі қалыптасуының басталуы және батыстың газет философиясының шығысқа таралуының нәтижесі еді.

**Газет басып шығарудың батыстық технологиясын енгізу.** Бұл екі аспектіні қамтиды. Біріншісі – типографияны енгізу. Типография бастаған заманауи полиграфия батыс елдерінде пайда болып, біртіндеп Қытайға тарады. 1807 жылы британдық миссионер Моррисон Фонг Қытайға келіп, бірден кең аударма және баспа қызметін бастады. 1815 жылдан бастап Макао Ост-Индия компаниясының баспаханасы Моррисон жазған «Қытай тілінің сөздігі» атты қытай және ағылшын кең көлемді анықтамалық кітабын үнемі басып шығарып отырды. Бұл кітап қытай және ағылшын тілдерін қамтитын анықтамалық кітап болды. Дәстүрлі қытай иероглифтері жазылғанымен, ағылшын тіліндегі көптеген шағын таңбаларды оюға болмады. Сол кездегі технологияға сүйене отырып, гравюраны қорғасын түрімен біріктіруге де, механикалық жолмен басып шығаруға да болмайтын еді. Сондықтан бұл кітапты шығарудың жалғыз жолы – қорғасын типті қытай типографиясын қолдану. Осы мақсатта Макао Ост-Индия компаниясының типографиясы әлемдегі алғашқы қорғасын типіндегі әлемдегі алғашқы партияны шығарды. Ол кезде қытайлық кейіпкерлердің үлгісі әлі ойлап табылған жоқ, ал қытай жазуын жаппай шығару мүмкін болмады, сондықтан қорғасын қорытпасының әр бөлігін пышақпен ойып түсірудің ежелгі әдісі қолданылды. Мұндай көлемді тапсырманы бір адам немесе бірнеше адам орындай алмайды, сондықтан жұмысқа қатысу үшін көптеген қытайлықтар жалданды, соның ішінде гравюра, машинкаға басу, шолу, түзету, басып шығару және т.б. бойынша 1815 жылы миссионер Ми Лянға тапсырыс келді. Бұл баспаханада алғашқы күндері гравюра мен полиграфия қолданылған. Ол гравюра мен полиграфияны қолданған «Зайырлы ай сайынғы шежірені» құрды. 19 ғасырдың басында Қытайға заманауи батыс полиграфиялық және литографиялық сиялар бір уақытта енгізілді. 1913 жылға қарай Шанхай Қытайдың алғашқы сия фабрикасы, қытай халқы негізін қалаған алғашқы кәсіби сия өндірушісі, заманауи сия өндірісінің бастамасы болды. Өнімдер полиграфиялық сиялар мен литографиялық сияларға бөлінді, Шанхай «Шэньчжэнь» және «Ағымдағы оқиғалар», Бейжің «Ұлттық газеті», «Да Гуоминбао» және басқалары да басылды. Сонымен қатар, литография Қытайға Батыс миссионерлері арқылы да енгізілді. 1833 жылы Гуанчжоуда қытайлық литографиялық ай сайынғы журналы айлық шығыс және батыс зерттеулерінің биографиясы, содан кейін қытайлық литографиялық ай сайынғы журналы National News жарық көрді. Литография технологиясы 1874 жылы Шанхайда енгізілді. Бұлардың ең өкілі 1876 жылы Дяншижайдағы литографиялық кітап фирмасын құру болды.

Екіншісі – полиграфиялық жабдықты енгізу. Энергияны пайдалану, вебке негізделген баспа машинасы мен автоматты құю машинасын ойлап табу және қолдану арқылы қазіргі заманғы басып шығару 19 ғасырдан 20 ғасырдың басына дейінгі ғасырда өзінің жетілген кезеңіне өтті. 19 ғасырда Еуропаның ірі елдері мен АҚШ заманауи индустриялық жүйені құрды. Энергетика, металлургия, машина жасау, химия, қағаз жасау және басқа салалардың

дамуы полиграфия технологиясының дамуына қолайлы жағдай жасады. Бұл үдерісте полиграфия қолөнер саласының дәстүрлі моделінен арылып, өнеркәсіп өндірісін жүзеге асырды және өндіріс тиімділігі мен өнім сапасын едәуір арттырды. 1870 жылдарға қарай Шанхай, Гуанчжоу, Тяньцзинь, Ханькоу және басқа жерлердегі баспалардың (кәсіпорындардың) полиграфиялық жабдықтары шетелден келіп отырды. Тоңжидің Цин династиясы кезіндегі он бірінші жылы (1872) Шанхай мэриясы сағатына жүздеген газет шығаруға қабілетті еуропалық стильдегі қолмен айналмалы баспа машинасын алды. 1906 жылы ағылшындар ойлап тапқан электрмен жұмыс жасайтын бір цилиндрлі машина Қытайға еніп, газет қағаздарының екі жағына да басыла бастады. 1912 жылы Декларация залы сағатына 2000 парақ басып шығара алатын қос иіру машинасын сатып алды. 1916 жылы билборд сағатына 8000 парақ басып шығара алатын француз роликті баспасын алды. 1925 жылы Shanghai Times неміс түсті цилиндрлік баспа машинасын сатып алды, бұл машина сол кезде дамыған типографиялық баспа машинасы болды. 1894-1895 жылдардағы қытай-жапон соғысы және 1911 жылғы революция кезінде полиграфиялық жабдық ұлттық өндіріс ретінде қалыптаса бастады. Мысалы, Шанхайдағы Ли Ёнчан машина жасау зауыты 1895 жылы құрылды. 1912 жылға қарай шамамен бірдей масштабтағы алты баспа жабдықтарының фабрикалары дәйекті түрде құрылды. Бұл полиграфиялық жабдықтар зауыттары техникалық қызмет көрсету үшін пайдаланылды. Негізінен, сонымен қатар кейбір шағын баспа жабдықтарын шығарады. Полиграфия технологиялары мен жабдықтарын енгізу заманауи Қытай газеттерінің дамуына белсенді ықпал етті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Zhang Guizhen, "International Communication and International Relations". Liu Jinan's International Communication: Collection of Modern Communication: Beijing Broadcasting Institute Press, 2000. – p. 7
2. Fang Hanqi, "Chinese Modern Press History": Shanxi People's Publishing House, 1981. – p. 1
3. Ni Yannian and Wu Qiang, "The History of Modern Chinese Newspapers and Periodicals": Nanjing University Press, 1993. – p. 6
4. Jiang Xiaoli, "The Evolution of Chinese Media in the Context of Globalization": Journal of Southwest University for Nationalities, 2000. – p. 104
5. Ge Gongzhen, "The History of Chinese Journalism": Sanlian Bookstore, 1955. – p. 110
6. Xu Baohuang "Journalism" self-prefac "News Wen Cun": China News Publishing House, 1987. – p. 281
7. Hu Taichun, "The History of China's Newspaper Industry Management": Shanxi Education Press, 1998. – P. 6

**Н. АСАНОВА,**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
журналистика факультетінің магистранты,*

**М.С. ЖЕТПІСБАЕВА,**

*филос. ғ. к., журналистика факультетінің доценті,*

**Д. ГУБАШЕВА,**

*филол. ғ. к., журналистика факультетінің доценті*

*e-mail: [asanovanurgul23@gmail.com](mailto:asanovanurgul23@gmail.com)*

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДА ҚАЗАҚ КИНОИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Андатпа:** Киноиндустрия нарығының ел ішінде және халықаралық аренда имиджін қалыптастыру мәселелері.

**Түйін сөздер:** PR, киноиндустрия, кинематография, маркетинг, коммуникация, коммерциялық кино.

Киноиндустрия мәдени және экономикалық аспектілерді біріктіретін PR үшін дамыған бағыттардың бірі болып табылады. Осыған байланысты қазіргі киноиндустрияда көркем фильмдерді шығару және PR-жылжыту ғылыми – зерттеу саласында зерттеу мен қараудың проблемалық аспектілерінің бірі болып табылады. Іс жүзінде қазіргі әлемде ойын-сауық индустриясы үлкен қарқын алып келеді және онда ойын-сауық бейнелері, соның ішінде

деректі және көркем фильмдер соңғы орын алмайды. Зияткерлік, мистикалық, эзіл-сықақ толық метражды фильмдер, сериалдар мен шоу – осының барлығы заманауи ойын-сауық форматындағы әлемнің қуатты жүйесін қалыптастырады. Бірақ қазіргі қоғам үшін өзекті концепт өзінің сюжетінде барлық ақыл-ой идеясын көрсететін көркем кино басым рөл атқарады. Бұл идея көбінесе PR-жылжыту тактикасының негізіне алынған. PR-жылжытудың негізгі міндеті назарды тарту, көрерменде фильмді көру ниетін қалыптастыру, егер ол прокатта шықса, оны дәл кинотеатрда жасау болып табылады.

Кино маркетинг – бұл бір жағынан рухани қажеттіліктерді зерттеуге және қанағаттандыруға, ал екінші жағынан-киноөнімнен барынша пайда алуға бағытталған ғылым. PR рөлі көп жағдайда фильмнің коммерциялық әлеуетіне және оны жылжытуға салынған сомаға байланысты.

Қазақстанда ел режиссерлері түсірген кинофильмдер көбейіп келеді. кино түсіру саласына жұмсалатын инвестициялар көлемі де артып жатыр. Ұлттық кинематограф Еуропа, Азия және Америкадағы өнер орталықтарынан серіктестерді көптеп таба бастады. Мамандардың айтуынша, соңғы үрдіс болашақта елдегі кино өнеркәсібінің көптеген табыстарға жетуіне жол ашады. Еуропа мен Азия арасында жатқан Қазақстанның географиялық жағдайы кинофильм түсіруде халықаралық ынтымақтастықты жемісті түрде жолға қоюға кең мүмкіндік береді – деп жазады The Screen Daily.

Қазақ киносы – қазақ тарихы. Өшпес із қалдырар мәдени мұра. Ертенгі күнге бүгіннен естелік. Қазақтың имиджін қалыптастырған фильмдердің жиынтығы. Қазақ киноларын әлемдік деңгейге көтеру үшін пиардың маңыздылығы бірінші орынға шығады. Фильмдер немесе теледидар арқылы кез-келген хабарлар PR-дың ең тиімді тәсілдерінің бірі – кинодан баратын ақпарат адресатқа қызықты болуы керек. Фильмді көру кітап оқудан әлдеқайда аз күш талап етеді. Кино бейнелерді қалыптастырады, қоғамда жаңа стереотиптер жасайды, қандай да бір мәселе бойынша пікірлерді қалыптастыруға ықпал етеді. А.Н. Чумиков айтқандай "Кинематограф – бұл әлеуметтік мінез-құлық мектебі және аңыздық көзқарас белгісі".

«Кино тіліндегі көркемдік суреттеу тәсілдерінің бір ғасырдан асар уақыт аралығында соншалықты өзгеріске ұшырауы, телевизия жанрының күрделенуі, мультимедиа кеңістігінің пайда болуы экран туындыларының эстетикасына да соншалықты әсерін тигізді. Бұл өзгерістер қоғамдағы мәдени өзгерістердің, әлеуметтік құбылыстардың ғана нәтижесі емес, мұндағы маңызды мәселелердің қатарында шығармашылық ізденістердің жаңа технология жетістіктерімен үйлесімділігін де атап айтуға болады. Экран мәдениеті, әсіресе, бүгінгі көрермен үшін оны қоршаған ортада кинотеатр, телевизия, интернет арқылы сан алуан қырынан қалыптасуда. Сондықтан да, экран туындыларының эстетикалық сипатына көңіл аудару өзекті мәселеге айналды. Өкініштісі, жаңа кезеңдегі қазақ киносы қоржынына келіп жатқан фильмдердің саны мен сапасы арасындағы айырмашылық жер мен көктей». Гүлжан Құрманғалиқызының «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Қазақ киносы жаңа кезеңде» атты мақаласында дәл осындай пікір айтылған. Жалпы, қазақ коммерциялық киносының бүгінгі келбетіне дәл айтылған пікір ретінде қабылдаймыз. Себебі, коммерциялық кинолар біршама түсіріліп, кинотеатрлардан беріліп жатқанымен, нақты эстетикалық және кино тілі мен қоғамдық тақырыптарды дөп басып қозғауға кемшін кетіп жатқан тұстары да баршылық.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін дәл осы мақаладағы мынадай пікір жолдарын да қорытындымызға тиек еткіміз келеді: «Продюсер Асқар Ұзабаев пен режиссер Жасұлан Пошановтың бірлескен шығармашылық ізденістері «Шлагбаум», «Ән-аға» мысалында жақсы нәтиже көрсеткен болса, Нұрлан Қоянбаевтың продюсерлігімен түсірілген режиссер Жеңісхан Момышевтың («Бизнес по казахски», «Бизнес по казахски в Америке») фильмдерінде авторлар қазақша бизнес жұмысын жаңғырту және өрлету жолдарын қазақи туысқандық сезімге негіздей отырып көрсетуге барынша талпынады. Алайда, бұл шығармашылық бірлестіктің көркемдік мән-мағынасы миға қонбайтын сенімсіз оқиғалардың тізбегінен ғана құралғаны өкінішті. Бас кейіпкер Жомарттың ауылдастарына, туысқандарына жұмыс тауып беру ниетінен туындаған «қазақша бизнес» тақырыбы көрерменді біршама алдандыруға жарап жатса, комедия тақырыбында түсірілген келесі бір туынды «Брат или брак» фильмін қалай қабылдарынды білмей дал боласың. Фильмде баяндалатын оқиға да, актерлар ойыны да соншалықты сенімсіз, жасанды болғандықтан көрерменге кері әсерін қалдырады».

Расымен, әлеуметтік желілерде және өзге ақпарат құралдарында жарнамасы кеңінен тарап, әртүрлі пікірталас туғызған фильмдер, көрермендер арасында да айтарлықтай белсенді айтылуға түрткі болған күннің өзінде, шынайы тұрғыдан ешқандай мән-мағынасы жоқ, бір сәттік дүниелер жиынтығы екенін мойындауымыз керек. Әрине, барлығына топырақ шашуға да болмайды. Себебі, кейбір фильмдер өз уақытына жауап беріп, көрермен санасында белгілі бір кезеңнің елесін қалдырып үлгереді, ал кейбір фильмдер шоу-бизнес саласында жаңа жұлдыздарды өмірге әкеліп, өзге де фильмдерде бой көрсететін тұрақты актерлердің пайда болуына түрткі болуда. Бұл құбылысты бүгінгі таңда өте белсенді болған әлеуметтік желіден байқай аламыз. Назира Рахманқызының Киностан.kz сайтындағы «Қазақ киносы және әлеуметтік желі» атты материалында: «Қазіргі таңда көрермен тарапынан ең көп айтылып, пікір білдірілетіні – тарихи-биографиялық және коммерциялық фильмдер. Интернет пен әлеуметтік желілер пайда болмай тұрған кезде пікірлердің негізгі кеңістігі ресми басылымдар болса, қазір жағдай мүлдем өзгерген. Бүгінгі таңда ресми басылымдармен қатар, түрлі сайттарда, әлеуметтік желілерде тек мамандардың ғана емес, жалпы көпшіліктің өзінің пікірін білдіруге толық мүмкіндігі пайда болды. Яғни, әлеуметтік желілер, сайттар, интернеттің басқа да мүмкіндіктері біртіндеп бейресми сынды қалыптастырып келеді. Осының өзі арнайы болмаса да фильмнің жарнамасына қызмет етіп отыр, әрі көрерменнің қалай қабылдағаны туралы жедел мәлімет алуға мүмкіндік береді» – делінген. Әлеуметтік желі арқылы коммерциялық кино продюсерлері және өзге де шоу-бизнес жұлдыздары өз өнімдерінің танымалдылығын арттырып, өзгелердің киноны көруіне ықпал жасау тәсілі кеңінен тарады.

Айқын газетіне сұхбат берген Гүлзат Көбек былай дейді: «Кино – қуатты құралға айналып барады. Бұл төңіректе айтылар әңгіме көп. Ал отандық өнімдерге тоқталғанда, ең алдымен, қазақ киносының бұрын-соңды болмаған жетістікке жете бастағанын айтар едім. Сан жағынан толағай табысқа жете бастадық. Бірақ сапа жағы бәрімізді ойландырады. Сондықтан ұлттық кино өнерін дамытудың кешенді жоспарын үкімет отырысында зиялы қауыммен бірлесе отырып талқылау тарихи оқиға дер едім. Тұңғыш рет «Кинематография туралы» заң жобасы әзірленіп, батыл шешімдер қабылданып отыр. Соңғы жылдары отандық кинематографқа деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Бұл – қазақ экранындағы жаңа кезең. Жаңаша бастамаларға толы. Өткен тарихымызды түгендеу. Алдағы жоспарымызды жүйелеу, мақсатымызды айқындау». Біздің диссертациялық жұмысымыздың негізгі мақсаты да қазақ киносының болашағын, коммерциялық бағыттың жұмыс істеу принциптерін жүйелеуге, мақсаттары мен міндеттерін анықтауға ғылыми тұрғыдан батыл қадам жасау болған еді.

Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедидұлы ұлттық киноиндустрияны дамыту мәселесі қаралған Үкімет отырысында соңғы үш жылда 100-ге жуық ұлттық фильм түсірілгенін айтты. Осы фильмдерді жұрттың көпшілігі көрмегені анық. Алтын уақытын сериалдарға сарп еткен жұртты жазғырудан аулақпыз. Ал отандық сериалдарды көру арқылы ұлт рухы қаншалықты оянды? Ел еңсесін көтерген фильмдер ұрпақ тәрбиесіне қаншалықты ықпал ете алды?

Кино өнері әртүрлі бағытта үздіксіз дамуы қажет. Мемлекеттің басты мүддесіне бағытталған, коммерциялық та, авторлық кино бағыттары да қатар көштен қалмағаны маңызды. Киногердің дүниетанымын ашу үшін барлық бағытта шығармашылық еркіндік болуы тиіс. Бірақ еркіндікті көп жағдайда астыртын саяси ойындардың ортасына айналдырмау маңызды. Идеяны өз мемлекетінің мүддесіне қарсы қоймау, осы қателікке жол бермеу, ой айтуда қызуқандылыққа салынбау, көрерменге ұсынатын туындына азаматтық тұрғыдан үлкен жауапкершілікпен қарау, адами ұстанымдарыңа берік болу – бұл да қажет.

Барлық кейіпкерлер бір жағдайдан екіншісіне үздіксіз ауысып, өзгеріп, дамиды – себебі, драматургте дәлелдеуі қажет нақты түйіні бар. Адам бір қателіктен кейін міндетті түрде екіншісін жасайды. Екіншісі біріншіден, үшіншісі екіншіден өседі. «Тартюфтегі» Оргон Тартюфті әулие деп өз үйіне қабылдап қателік жасайды. Екінші қателік – Тартюфке барлық іс-қағаздарын тапсыруында. Оргонның жай ғана сенімінен бас июге дейін өзгеруі әрбір жолда көрінеді. Үшінші қателігі – Марианның Тартюфке тұрмысқа шығуына итермелеуі. Төртінші – жеке мүлігін Тартюфке беруге сенімхат жасауы. Ол Тартюфтің үйдегілерден барлық байлығын сақтап қалатынына имандай сенеді. Бұл өте ауыр қателік. Бұл әрекеті – қаншалықты

күлкілі болмасын, ең алғашқы қателіктен туындайды. Сонымен, Оргон соқыр сенімнен таңғалыс жағдайына келеді. Автор мінездің қадам сайын өсуі арқылы жетеді.

Бейнелі түрде айтатын болсақ, адам – топырақ, оның жанына біз дәнді лақтырамыз, мысалға – қақтығыс туындататын тәкәппарлық дәнін. Дән өсе береді, ол мүмкін жойып жібергісі келсе де. Бірақ, адамның ішкі және сыртқы күштері қысымды көрсете бере, қақтығыс дәні айтарлықтай күшті болып, адамның мықты басын жарып шығады. Адам шешім шығарып, сонымен келісу арқылы әрекетке барады.

«Кино – бұл бизнес. Егер фильмнен пайда түспесе, киноиндустрияның да дамуы екіталай. Ондайда сапасыз фильмдер көбейіп кетеді. Оны бір рет көреді де, ұмытып кетеді, ақша да құмға сіңген судай жоқ болады. Сондықтан киноны бизнес ретінде дамытатын болсақ, сапалы фильм, халық көретін фильм түсірген дұрыс. Сонымен қатар, қанша ақшаның ақталғанын бірден анықтап отыру қажет. Иә, сапалы фильм түсіру үшін ақша аз болмауы тиіс. Әрине, әзірге біз Голливуд, я болмаса, Болливудтың деңгейінде түсіре алмайтын шығармыз. Сондықтан кинематографияны дамыту тұжырымдамасы аясында отандық киноиндустрияны қолдау шараларын қайта қарап шыққанымыз жөн болар», – дейді Бақытжан Сағынтаев. Дегенмен, қазақ кинематографиясы туралы заң қабылданғанымен де бәрібір ескі жүйе, шет елдік прокат моделі әлі күнге дейін өз үстемдігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан, әр түрлі басылымдардағы қазақ киносына қатысты мәселелер тек қана пікір талас деңгейінде қалып келеді. Ал, нақты іс барысында әлі де ешқандай нәтижеге жете қоймады. Мүмкін, алдағы жылдары қолға алынып, қазақ киносындағы жаңа бағыттар мақсатты түрде іске асып қалуы да мүмкін деп болжамдаймыз.

Генрих Ибсен өзінің шығармашылық тәсілі туралы сөз қозғағанда: «Мен жазған кезде, жалғыз болуым қажет. Егер драма жазсам, сегіз кейіпкер болуы мүмкін, олар үлкен қоғам, мен олардың түсінігін үйренуім қажет. Танысу процесі ұзақ әрі қиын. Ереже бойынша пьесаларымды үш рет қайталап жазамын. Материалды алғаш қолға алған сәтте, кейіпкерлеріммен пойызда қалай танысатынымды сеземін, жалпы елестету мен әр түрлі әңгімелерді айтамын. Қайталап жазу үстінде көп нәрсені анық көргендіктен, олармен жағажайда ай бойы жүргендей боламын. Басты қасиеттері мен ұсақ артықшылықтарын түсінемін», – дейді. Ибсен нені көрді? «Басты қасиеттерін таныдым»? – деген сөзінде меңзегені не? Басты қасиеттерді бір ғана кейіпкердің емес, баршасынан іздейміз» – дейді.

Жалпы, қазақ коммерциялық киносы туралы айтылған кезде, әсіресе киногерлер тарапынан тек қана теріс пікірлер айтылады. Көптеген көрермендердің өзі фильмді тамашалап алғанымен, көп жағдайда өзінің қалыптасып кеткен негативті көзқарасын алға тартады. Бұл әлеуметтік желідегі сәнге айналған құбылыстардың бірі. Ал, көрермендер үшін қаншама уақыт пен еңбекті және қаржылық мәселелерді шеше жүріп жасалған туындының авторлары және өзге де кемшін түсетін факторлар туралы ойланып жатқан ешкім жоқ. Коммерциялық кино үрдісі ең алғаш дами бастағандағы негативті көзқарас әлі де болса өзінің қоғамдағы сарқыншақтарымен қалған. Ал, киногерлер арасындағы екіге бөлінушілік ушығып барады. Себебі, көрермендердің көпшілігі үздіксіз прокатқа шыққан коммерциялық фильмдердің аясына шоғырланып жатқаны шындық.

Мақала жазудағы басты мақсат коммерциялық фильмдерді өндіруші тараптың, режиссерлер, продюсерлер және сценаристер мен барша түсірілім тобының да еңбектерін ғылыми тұрғыдан саралап, қазақ кино кеңістігінің деңгейіне көтеру еді. Мақалада жазылған материалдар және арқау болған барлық коммерциялық фильмдер, қазақ кино тарихындағы жаңа кезеңнің бастауы мен қалыптасуы болмақ.

Негізгі ой – кино түсірер кезде қазақ халқының болмысына сай дүниелерді кинода пиар технология ретінде пайдаланып, басқа халықтардың санасында нақтылы ассоциация қалдыру. Қазақ киносының әлемдік деңгейде дамуы қазақ халқының имиджін асқақтататыны анық. «Барлық прогрессивті елдер үшін кинематография өнеркәсібі өте тиімді бизнес болып табылады, бұл киноға байланысты экономиканың барлық салаларын қамтитын мультипликативті зор әсерді тудырады. Бұл жаңа инвестицияларға, жаңа технологияларды тартуға, жұмыс орындарын құруға үлкен қосымша мүмкіндіктер», – деп санайды А. Райымкулова.

**Әдебиеттер тізімі**

1. Бернейс Э. Пропаганда. – М.: Hippo Publishing, 2010. – 404 с.
2. Бердникова И. PR-коммуникации. – М.: Дашков и к, 2012. – 216 с.
3. Ульянова М. Особенности маркетинга кинорынка и специфика кинопродукции как объекта маркетинга
4. «Қазақ киносының тарихы» (оқулық), Б.Р. Нөгербек, Г.Қ. Наурызбекова, Н.Р. Мұқышева- Алматы: ИздатМаркет, 2015- 60 б.
5. Томас Эльзессер, Мальте Хагенер – «Теория кино. Глаз, эмоции, тело», б. 250.
6. Жиль Делез. «Кино», б. 40.
7. Электронды ресурс: <https://old2.aikyn.kz/2017/01/20/1274.html>.
8. Электронды ресурс: <https://inbusiness.kz/kz/news/kazak-kinosy-kashan-ozin-ozii-aktajdy>
9. Электронды ресурс: <https://newreporter.org/kz/2019/09/30/qazaq-kinosyndagy-komediyanyn-dauiri-ayaqptalar-kon-aly-em-es-qanagat-mystafin/>

**М. ӘБДІҚАППАР,**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
журналистика факультетінің 2-курс магистранты,  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі: ф. з. к., доцент Ж.О. Иманалиев*

**ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ ВВС UK ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ**

**Аңдатпа.** Мақалада Ұлыбританиядағы ВВС UK қызметі, оның құрамындағы арналар, радио және онлайн хабар тарату желілері жан-жақты талданып, статистика келтіре отырып, 2021-2027 жылдарға арналған білім беру, ақпарат беру, көңіл көтеру мақсатында болашақ жоспары туралы жазылды. Соның ішінде ақпарат беру қызметі кеңінен қарастырылды. Пандемия кезіндегі қызметі жайлы баяндалды.

Ұлыбританиядағы ВВС UK – әлемдегі жетекші қоғамдық таратушы. Ұлыбританияның мәдениетінің, демократиясының және шығармашылық экономикасының маңызды бөлігі. Ол бейтарап және тәуелсіз. Күн сайын Ұлыбританиядағы және әлемдегі миллиондаған адамдарға ақпарат беретін, білім беретін және көңіл көтеретін ерекше, әлемдік деңгейдегі бағдарламалар мен контент жасайды.

Оның құрамында Ұлыбританиядағы ең көп қаралатын ВВС One арнасы, жастар мен балаларға арналған, көптеген марапаттарға ие ВВС Three арнасы, сонымен қатар ең жақсы тірі музыкалық трансляцияны қамтамасыз ететін радиожелілері бар. Олар Ұлыбритания бойынша тыңдаушыларға баға жетпес және ерекше қызмет ұсынады. Сандық қызметтері қатарына ВВС News, Sport, Weather CBBC және CBeebies, iPlayer және BBC Sounds, BBC Red Button кіреді. 40-тан астам тілдегі ВВС World Service теледидары, радиосы және онлайн ақпарат тарату желілері бар.

ВВС Корольдік хартиямен құрылған. Ұлыбританияның үй шаруашылықтары төлейтін лицензиялық төлем арқылы қаржыландырылады. Бұл дегеніміз Ұлыбритания жұртшылығының қызығушылығын тудыратын мемлекеттік қызмет мазмұнын шығару және бағдарламалар мен қызметтерді лицензия төлемдерін төлеушілердің ең көп санына қол жетімді етіп тарату. ВВС-ді Ofcom басқарады[1]. Ofcom – бұл телерадиокомпаниялар мен пошта қызметін реттейтін британдық үкіметтік емес агенттік. Ол мемлекет бекіткен кең өкілеттіктерге ие [2].

**Ұлыбританиядағы ВВС қызметі**

*ВВС арналары.* 2017-2018 жылдары Ұлыбританиядағы ересектердің 80% -ы әр апта сайын ВВС Телевизиясын қарады. ВВС One 2018 жылы Корольдік телевизиялық қоғамының жыл арнасы атанды.

*BBC радиолары* 2017-2018 жылдары Ұлыбританияның ересек тұрғындарының 64% -ы әр апта сайын BBC радиосын тыңдады. BBC Radio One 2017 жылы аудио және радиоөнеркәсіп саласының марапаттарында жылдың үздік станциясы атанды.

*Сандық қызметтері.* Ұлыбританиядағы ересектердің 74% -ы ай сайын BBC-ді қолданады. 16 жасқа дейінгі пайдаланушылардың 82% ы BBC Bitesize оларға сабақ оқуға, үй тапсырмасына көмектесетінін айтты

*BBC World Service* – бұл радио, теледидар және онлайн арқылы тілдік және аймақтық қызметтердің кең спектрін ұсынатын халықаралық мультимедиялық хабар таратушы. Әлем бойынша апта сайын 279 миллион адамнан тұратын аудиторияны қамтиды. Апта сайынғы жаһандық аудиторияның төрттен бір бөлігі – 15 пен 24 жас аралығында. BBC World Service 1940 жылдардан бастап үлкен даму жолында. Қазір ол әлемнің 40-тан астам тілде ақпарат таратады. Хикаяларды бүкіл әлем журналистері аударма қолданбай, ана тілінде жазады. Дүниежүзілік қызмет аймақтық жаңалықтан бастап жаһандық жаңалықтарға дейін қамтиды. Мәтін, бейне және аудио сияқты бірнеше форматта жеткізеді.

*BBC Global News* BBC-дің коммерциялық қаржыландырылатын екі халықаралық жаңалықтар қызметін басқарады: тәулік бойы жұмыс істейтін жаһандық жаңалықтар телеарнасы, *BBC World News*, және *BBC.com* сандық платформасы (оның ішінде *BBC.com* веб-сайты, *News* қосымшасы және *Sport* қосымшасы бар). BBC Global News миссиясы – BBC-дің халықаралық жаңалықтар аудиториясын өсіру және коммерциялық тиімді бизнес ретінде жұмыс істеу кезінде әлемдегі ең жақсы және ең сенімді халықаралық жаңалықтар провайдері болу.

*BBC World News* – бұл коммерциялық қаржыландырылатын халықаралық жаңалықтар мен ақпараттық телеарна. Әлемнің көптеген елдерінде тәулігіне 24 сағат ағылшын тілінде хабар таратады. BBC World News әлемнің 200-ден астам елінде қол жетімді. Телеарна сағат сайынғы бюллетеньдерді жаңалықтар, бизнес, спорт және ауа-райы туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

2020 жыл ғаламшардағы барлық адам үшін өзгеше жыл, кейде ауыр жыл болды. Мазасыз уақытта әлем BBC-ге көбірек назар аудара бастады. Қазір онлайн қызметтерге деген сұраныс өсті. Балалар мен ата-аналардың күнделікті сабақтарды оқуды жалғастыру үшін ресурстарға қол жетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жаңа, жекелендірілген және бейімделген оқыту тәжірибелерін дамыту үшін көп жұмыс істеді [3].

BBC Ұлыбританияның ең ірі медиа провайдері ретінде адамдарды біріктіруде маңызды рөл атқарады. Бұл Ковид-19 пандемиясы, дағдарыс кезінде бір күнде ересектердің 84% -ы BBC-ді көрді. Соңғы онжылдықта Ұлыбритания қоғамындағы терең өзгерістер пандемиямен тездетілді.

Медиа нарықта Амазонка, Google, Facebook, Netflix және Apple өмірімізге бұрынғыдан гөрі көбірек әсер етіп жатыр. Бәсекелестерден қалмау үшін BBC өнімдерінің де сағаты, сапасы артуы керек. Соған орай, ол пандемиядан кейінгі 2022-2027 жылдарға арналған шығармашылық экономикалық жоспар құрды. Бұл жоспар 5 негізгі мақсатқа арналады. Олар:

1. Ұлыбританиядағы, аймақтарындағы және қауымдастықтарындағы аудиториямен жақындасу

2. Бейтарап жаңалықтар мен ақпараттар арқылы демократияны және азаматтық пікірталастарды қорғау және дамыту

3. Ұлыбританияның шығармашылық секторын айрықша, әсерлілігі жоғары мазмұн арқылы ынталандыру

4. Барлығына арналған оқу, білім және дағды

5. Дүние жүзіне әсер ету, насихат пен жалған ақпаратпен күресу және соларды бейнелеу

Болашақ алты жылда BBC-ді Ұлыбританиядағы шынайы ұйым ретінде қайта құрмақ. BBC адамдарға ғана емес, билікке де әсер ететін әлдеқайда таралған модельге ауысады [4].

Жаңалықтарға қалай сенуге болады деп ойланып көрейік. BBC World News журналистік дәлдікті, тепе-теңдікті және бейтараптықты ұстанып келеді.

Біз белгісіз, түсініксіз заманда өмір сүріп жатырмыз. Алайда, BBC өзінің негізгі құндылықтарына әлі де берік екеніне сендіріп жатыр. Оны жан-жақты және терең жаңалықтардан бастап, BBC News Reality Check сияқты бастамалардан байқауға болады [5].

Тәулік бойғы жаңалықтар желісін ВВС-дің халықаралық журналистикасы мен заманауи технологияның бір шатырдың астына жиналған бұрын-соңды болмаған қосындысы деуге болады. Жаһандық аудиторияны тарту үшін жаңалықтарды жаңа тұғыр арқылы бере отырып, инновациялық көп платформалы контентті құрды [6].

ВВС-де кез-келген басқа халықаралық хабар таратушыларға қарағанда журналистер саны көбірек. Олар түрлі тілдерде жаңалықтар шығарады. Жаңа жиынтықтар мен жаңа шығармашылық графикасы бар тапсырыс бойынша жасалған студиядан бастап, виртуалды шындық пен 3D мүмкіндіктері бар заманауи камераларға дейін жаңа технологиялар бұрынғыдан гөрі әсерлі, динамикалық және тартымды жаңалықтар ұсынады [7].

ВВС әлем медиа индустриясында шынымен де инновациялық рөл атқарады. Бұл нарықты қалыптастыруға және ынталандыруға көмектеседі.

Бұл туралы әлемдегі жетекші экономист, профессор Мариана Маззукато мен оның Лондондағы Университеттік колледждегі инновациялар және қоғамдық мақсат институтындағы әріптестерінің баяндамасында айтылды. Баяндамада Би-Би-Сидің нарық қалыптастырушы ретіндегі рөлі зерттеліп, оның қоғамдық құндылықты құрумен қалай байланысты екені қарастырылды [8].

Бұл әрдайым Ұлыбританияның шығармашылық индустриядағы жаһандық күшінің құпиясы болды. ВВС-дің бас директоры ретіндегі алғашқы сөзінде Тим Дэви оны «болашақ ұрпақ пайда алуға лайық ұлттық тамаша жетістік» деп атады. ВВС-дің креативті индустрияға салған инвестициялары инновацияларды өрістеткенін, жаңа нарықтардың өсуіне және жаңа шығармашылық экожүйелердің пайда болуын көрсетеді [8].

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Learn more about what we do – About the BBC
2. Ofcom — Википедия (wikipedia.org)
3. BBC Online — 2020 in review. 2020 has clearly been a very unusual... | by Neil Craig | BBC Design + Engineering | Medium
4. the-bbc-across-the-uk.pdf
5. Trust – BBC World News Partners (bbcwwpartners.com)
6. The World's Newsroom – BBC World News Partners (bbcwwpartners.com)
7. BBC Blogs – Technology + Creativity Blog – How the BBC World Service migrated 31 million weekly readers to an isomorphic react app and improved page performance by up to 83%
8. The Future Of The BBC – Media Centre

**М. ӘБДІҚАППАР,**

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*журналистика факультетінің 2-курс магистранты*

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҚЫРЫ МЕН СЫРЫ

БАҚ қызметінің халықаралық қырларын зерделейтін сала ретінде халықаралық журналистика ғаламдық бұқаралық коммуникация арналары арқылы ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және тарату ерекшеліктеріне, құқықтық және этикалық нормаларға баса назар аударады. Зерттеушілер С.А.Михайлов пен С.Б.Никонов «қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның қалыптасуы жағдайында «жаңа» медианың пайда болу (ағыл. New media) алғышарттары мен себеп-салдарларын ой елегінен өткізу халықаралық журналистикасының күн тәртібінде», деген пікір білдіреді/1/. Халықаралық журналист мамандығы ең беделді және сұранысқа ие мамандықтардың бірі. Бүгінде бұл мамандық үлкен өзгеріске түсіп жатыр. Жаһандану дәуірінде әлем «үлкен ауылға» айналып, дерек алмасу жылдамдығы жыл санап артып келеді. Мұның өзі бір жағынан журналист еңбегін оңайлатқанымен, екінші жағынан күрделендіре түсуде.

Халықаралық журналистиканың басты міндеті – оқырман мен көрерменді, тыңдауны шет елдерде орын алып жатқан саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени оқиғалардан дер кезінде хабардар ету, басқа елдер мен халықтардың құндылықтар жүйесін түсіндіре білу. Қазіргі



халықаралық журналистика әлемде болып жатқан оқиғаларды, күрделі халықаралық үдерістерді объективті бейнелеуге тиіс. Егер дәстүрлі журналистика кәсіп десек, халықаралық журналистиканы өнер деп айтуға толық негіз бар. Сондықтан да халықаралық журналистика кез-келген өнер сияқты талант пен шеберлікті, кең ой-өрісті талап етеді/2/. Қалам иелері ұдайы ізденіс үстінде болуы керек, бұл орайда кәсіби ортада пікір алмасудың алар орны ерекше. Журналистердің халықаралық қызметінің мәселелеріне арналған көптеген ғылыми конференциялар мен фестивальдер әлемде жыл сайын өткізіліп тұрады. Осы саладағы ең шара – Италияда, Перуджияда өтетін Халықаралық журналистер фестивалі.

Мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті халықаралық журналистика мамандығының 2 курс магистрантымын. Оқу барысында мамандыққа деген ынтам оянып, болашақта осы бағытта жұмыс істегім келеді. Қызығушылығымды оятқан саланың жауапкершілігі мен міндетіне тағы да тоқталып өтейін. Әлемде бейбітшілікті сақтауға, халықтар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға, кикілжің мен даулы мәселелерді реттеу мен алдын-алуға, кез келген елдің азаматтарының құқықтарының сақталуын бақылауға жауапты жүйе бар. Ол дүниежүзілік қауымдастық деп аталады. Оған кіретін елдердің саяси, әлеуметтік, экономикалық мүдделері де әртүрлі. Елдер арасында тауар алмасумен қатар ақпарат тарату да үлкен маңызға ие.

Алайда, дүниежүзілік қауымдастықта шынайы ақпарат тапшылығы сезіледі. Әр елдің журналистері бір оқиғаны әртүрлі баяндайтыны да жасырын емес. Мұның бір себебіне биліктің немесе саяси элиталардың тапсырысы бойынша жазу да кіреді. Осындай ақпарат ағынында халықаралық журналистің рөлін ерекше атап өткен жөн. Өйткені елдер арасында ақпаратты дұрыс, сауатты жеткізе білу керек. Бірнеше жыл бұрын жергілікті жаңалықтарды білу маңызды болса, қазір интернет, әлеуметтік желіні жаппай қолданудың әсерінен әлем жаңалықтарының білуге сұраныс артуда. Ал, осы орайда қазақстандық ақпарат табу қиын, өйткені халықаралық жаңалықтар батыс не Ресей ақпарат көздерінен аударма күйінде беріліп жатыр. БАҚ халықтың саяси ойлауын, көзқарасын қалыптастыратын құрал десек, халықтың саяси көзқарасын кімнің қалыптастырып жатқаны бесенеден белгілі.

Халықаралық жаңалық тарататын БАҚ туралы әңгіме болғанда, ең алдымен ойымызға KazakhTV, Azattyq радиосы ғана келеді. Бұл елімізде осы саланың даму жылдамдығы баяу екенін аңғарта ма, қалай? Жыл сайын сала түлектері қатары көбейгенмен, сала мамандарының саны артпауының сыры неде екен? Сан көбейсе, сапа да артар еді. Халықаралық жаңалықтарда оқиға болған елдің әлемдегі орны, ол жаңалықтың географиялық ауқымы, өз еліміздегі саясат, мәдениет, қоғамға әсері баяндалады. Халықаралық журналист өзге елдермен жұмыс істейтін болғандықтан, сол елдердегі ақпарат көздеріне сын тұрғысынан қарауы керек, кімнің мүддесін көздейтінін аңғаруы тиіс. Көп журналистер ағылшын тілінде сөйлегенімен, халықаралық жаңалықтарды баяндай білмейді. Кәсіби білімнің қажеттігі міне, осындайда сезіледі.

Әдетте университет бағдарламасындағы теориялық және практикалық пәндер арқасында магистранттар екі жыл ішінде халықаралық журналистің практикалық қызметінде қажетті барлық дағдыларды алады. ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамының әлемдік деңгейдегі кең байланыстары, дайындық деңгейі мен біліктілігі болашақ магистрлерге инновациялық медиа технологиялар мен халықаралық журналист мамандығының әдістерін ойдағыдай игеруге мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасында көзделген пәндер кәсіптің қыры мен сырын ашып көрсетеді. Болашақта оқу жоспарында «Сыртқы саяси ақпараттық қызметтің теориясы мен практикасы», «Қазіргі медиа жүйелер», «БАҚ-ты құқықтық реттеу», «Дипломатиялық протокол нормалары», «Дағдарыстық журналистика» сынды пәндердің көзделуі білім көкжиегін кеңейте түседі.

#### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. Михайлов С. А., Никонов С. Б. Международное право и законодательство иностранных государств о СМИ. СПб.: СПбГУ-2012, — 150 с.
2. Nikonov S. Noopolitical Aspect of International Journalism // Middle-East Journal of Scientific Research. – 2013. – Vol. 17 (1). – P. 21-25.

## СЕКЦИЯ IV. МЕДИА И НОВЫЕ КОММУНИКАТИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

**А.В. РОЖКОВ,**

*к. филол. н., доцент*

*КазНУ им. аль-Фараби,*

*факультет журналистики, Казахстан, Алматы*

### ВАРИАЦИИ И СКОРОСТЬ МЕДИАКОНВЕРГЕНЦИИ

В конце XX – начале XXI века комплекс факторов воздействия на журналистику приобрел форму устойчивых глобальных трендов. Поэтому размывание границ профессиональной деятельности продолжает трансформировать традиционные медийные модели. Конвергенция СМИ стала ответной реакцией журналистики «вселенной Гутенберга» на волны новых информационных технологий. Началась трансформация прежних медиамонополий. Рыночные отношения давно сделали информацию товаром, технологические трансформации позволяют продавать его еще интенсивнее.


Уже в 80-е годы XX века, в эпоху расцвета традиционных СМИ и многогранности журналистского творчества, стали формироваться условия для демассификации информации. Именно ответ на желания реципиентов постиндустриального общества, которые требовали все изысканнее удовлетворять их вкус и потребности, стал путем дифференцированных подходов, когда кабельное телевидение, специализированные журналы и локальные радиостанции в своем содержании ориентировались на запросы микроаудиторий. Газеты стали выпускать спецвыпуски и региональные номера. Прогнозы о том, что радио, а потом телевидение вытеснит прессу с информационного рынка тогда не сбылись, но печатные и электронные СМИ жестко конкурировали за скорость и полноту доставки новостей своим читателям, зрителям и слушателям. Демассификация значительно продвинулась, когда расширились возможности спутникового телевидения, а также стали формироваться кабельные сети, позволившие охватывать отдельными каналами небольшие районы и концентрироваться на интересах жителей данной территории. Таким образом в коммуникационном поведении человека формировались первые задатки интегрированного подхода, которые позже, с изобретением новых технологий, оформятся через принципы конвергенции.

Динамика печати, радио и телевидения в 90-е годы проявилась в сближении и в дальнейшем слиянии части присущих только конкретным видам СМИ принципов через проникновение новых способов распространения данных и из-за постоянного роста количества информации. Понимание необходимости слияния давалось журналисткой среде сложно. Тогда многие редакции, в частности, в постсоветских государствах, в центрально-азиатском регионе, пытались отсрочить изменения, часть руководителей СМИ новые веяния застали врасплох, но все же большинство редакций оценили степень необходимости перехода к объединению формы и содержания журналистского продукта, а также ранее не существовавшим вызовам конкуренции в сфере медиапотребления, когда сам реципиент смог стать таким же производителем контента.

Конвергенция как термин впервые охарактеризовал явления в сфере экономики в 1960-е годы и данное понятие было положено в объяснение процессов ускорения развивающихся экономик, сближения экономик разных государств под влиянием научно-технического прогресса. С 1990 года данное понятие вошло в медиасферу. Оно трактует процесс объединения разных видов СМИ для работы в общем организованном пространстве для производства контента на различных информационных площадках, его продвижения и продажи рекламы.

Как предполагается, в научный оборот термин «конвергенция» ввел в 1998 году профессор Денис МакКуэйл, взяв на себя смелость обозначить ею распространение одной и той же информации по разным каналам [1]. На практике данное понятие стало применяться в Европе во время дискуссий о необходимости дерегулирования телекоммуникационной отрасли. В выступлении в Московской школе политических наук исследователем М. Херманн в

2000 году был поддержан данный принцип и предложено обозначать конвергенцией процесс трансформации общественных вещательных станций, который происходил в связи с растущей конкуренцией коммерческого вещания [2].



Вместе с тем данная конкретизация возникла не на пустом месте. Важно отметить вклад в развитие идей постиндустриального общества, который внес профессор Мануэль Кастельс, обосновывая свои взгляды на концентрации информационного подхода. В 1996 году он ввел в научный оборот понятие «сетевое общество», основанное на охвате всех жизненно важных частей социума новыми электронно-коммуникационными системами [3]. И такие структуры, указывал исследователь в самом начале их зарождения, будут невероятно гибкими, открытыми для инноваций и быстродействующими. М. Кастельс также выдвинул предположение о многозадачности в наших умах – возможном объединении в головах людей разных каналов коммуникации.

Поскольку процесс конвергенции запустился в Европе и Америке, ученые этих континентов начали первыми изучать новое явление. Стали звучать громкие предположения, в частности, что наступает «журналистика новой эры». Ею обозначилась эпоха интернета и цифровых технологий. Исследователи оценивали новые тренды с точки зрения традиционных методов ретроспекции, диагноза и проспекции. В книге «Управление конвергенцией СМИ» Кеннет К. Киллебрю в 2005 году прогнозировал, что конвергенция охватит в дальнейшем основной спектр мероприятий, влияющих на деятельность средств массовой информации [4]. Он считал, что ключевые параметры инструментов начнут концентрироваться в цифровой сфере, а журналист, предлагающий аудитории участвовать в обсуждении материала, усилит свои позиции и медиа.

Группа американских ученых из университета Бол Стэйт (штат Индиана) – Ларри Дейли, Лори Демо и Мэри Спилман в 2005 году обнародовала исследование «Континуум конвергенции: модель для изучения сотрудничества между редакциями СМИ», они структурировали пять основных возможных форм развития конвергенции, в частности, определив полное слияние как совместную работу редакций, создание новостей в разных упаковках и дальнейшее совместное распространение информационных продуктов [5].

Появление и интенсивное развитие интернета, мобильной связи после 2000-х годов сделали исследования и публикации о конвергенции в науке массовыми, ученые и авторские коллективы приступили к изучению алгоритмов работы конвергентных редакций, дополнения редакций друг другом, кумулятивные эффекты.

Норвежский ученый Андерс Фагерйорд уточнил термин и его содержание, предложив дефиницию «медиаконвергенция», где типологическим признаком является объединение жанров и форм [6]. Таким образом был установлен мост по переходу от старых журналистских практик к новым. Таким образом более четким стало понимание в профессиональной среде того, что прежние четкие границы и типологии различных СМИ стираются, а между журналистами, техническими сотрудниками и реципиентами начинается процесс обмена ролями, когда профессиональные навыки ослабляются через оптимизацию технологий. При этом ученые оговаривались, что творческий принцип как раз и предусматривает как можно большее объединение материалов. Медиаконвергенция разбивает прежние блоки и дает в изменившихся условиях возможность возведения новых конструкций с множеством пока неизвестных комбинаций.

У конвергентных СМИ появились новые характеристики, такие как онлайнность, многоканальность и мультимедийность, о чем писали, начиная с 2010-х годов, российские исследователи Я.Н. Засурский, Е.Л. Вартанова, А.Г. Качкаева, О.В. Копылов, казахстанский ученый Г.Ж. Ибраева. Были представлены следующие формы конвергенции: стратегия работы редакций, методы подачи информации, жанры, системы распространения, обратная связь. Рамки реальной информации расширило изобретение способов применения виртуальной и дополненной реальности. Таким образом вместо слова написанного или аналогового изображения в журналистском творчестве появилась новая единица – цифровой носитель, реализующий творчество через числовое представление, которая способствует объединению редакционных коллективов и оптимизации восприятия журналистского произведения аудиториями. Автоматизировались сложные прежде операции верстки изданий и монтажа сюжетов, появилось множество эффектов для их усиления, а цифровые архивы предоставили возможность возвращаться к событию любое количество раз и в удобное время, транскодируемость упростила процесс перевода разных форматов друг в друга. Но ученые подчеркивают определенную амбивалентность текущих процессов, когда редакции должны в угоду упаковке и пресыщенности аудитории снижать профессиональные требования, чтобы соответствовать новым привычкам новых поколений.

Этапы медиаконвергенции определялись процессами появления новых коммуникационных технологий и скоростью их внедрения в массы. На них также воздействовали процессы в политике, экономике, медиаобразованности общества и в целом формирование информационного общества [7]. В обобщенном виде данный процесс представлен в таблице.

Таблица

### Этапы конвергенции

<i>1990-е годы</i>	<i>2000-е годы</i>	<i>2010-е годы</i>
Оцифровка содержания СМИ	Кросс-медийность	Мультимедийность
**YouTube** – видеохостинг, который предоставляет пользователям услуги хранения, доставки и показа видео. Пользователи могут загружать, просматривать, оценивать, комментировать, добавлять в избранное и делиться теми или иными видео записями. На сайте представлены фильмы, музыкальные клипы, трейлеры, новости, образовательные передачи, а также любительские видеозаписи, включая видео блоги, шоу, юмористические видеоролики и прочее. YouTube не является социальной сетью, однако его так же продвигают, как и социальные сети, описанные выше. Средний возраст пользователей колеблется в районе 18-45 лет. Среднее время, которое пользователь проводит в данной социальной сети, составляет около 40 минут в день. Мужчины потребляют видео-контента больше женщин. По данным на 2019 год, YouTube занимает 1 место в рейтинге самых посещаемых веб-сайтов мира.

Для достижения должного уровня продвижения в сфере SMM необходим анализ всех предпосылок для проведения рекламных кампаний и разработки стратегии продвижения в социальных сетях. Стратегия позволит структурировать работу социальными сетями, осуществлять контроль и отслеживать эффективность проводимых мероприятий.

В настоящее время во всей сети интернет можно найти несколько сотен различных SMM-стратегий, которые во многом похожи друг на друга. Например, создатель сервиса для планирования контента «SMMplanner», К. Крецу выделяет 12 основных этапов SMM-стратегии.

#### **Выводы по теме:**

1. Исходя из мнений исследователей, в данной работе под социальной сетью мы будем понимать интернет-платформу, которая позволяет пользователям размещать информацию о себе, общаться друг с другом, устанавливать различные социальные связи, а так же как площадку для продвижения компаний, их продуктов и проектов.

2. SMM представляет собой ряд рекламных мероприятий в социальных сетях с целью повышения узнаваемости, а затем и продаж, компании, бренда, продукта и удовлетворения потребностей потребителя в продукте, коммуникации, досуге.

3. SMM имеет ряд плюсов и минусов, которые должны быть рассмотрены при создании грамотной SMM-стратегии, позволяющей структурировать работу, контролировать ее и отслеживать результативность проводимой деятельности.

4. Для того чтобы правильно выстроить общение с целевой аудиторией в социальных сетях, необходимо четкое понимание специфики особенностей социальных сетей.

5. Разработка SMM стратегии для продвижения СМИ должна включать 9 основных этапов: определение целевой аудитории; определение ключевых задач SMM-стратегии; поиск сообществ с целевой аудиторией; определение особенностей аудитории; разработка контент-плана; определение системы метрик; определение необходимых ресурсов; разработка календарного плана; оценка эффективности SMM-стратегии и ее корректировка.

6. Грамотно разработанная SMM-стратегия в дальнейшем поможет повысить узнаваемость бренда, выстроить долговременную коммуникацию с аудиторией, приумножить вовлеченность, повысить лояльность аудитории и увеличить количество постоянных пользователей.



## ДӘСТҮР. ЖЕТІСТІК

Біздің ең басты қателігіміз – нәтижесін көрмей жатып, тез беріле салуымызда.  
Жетістікке жетудің ең дұрыс жолы – тағы бір рет қайталап көру.  
Томас Эдисон

Дәстүр – бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өтетін, өткен ұрпақтардан қалған мұра. Көне деректерге қарасақ халық ауыз әдебиетінде, қисса-дастандарда адамның өмір жолы ерекше оқиғаларға толы. Сол деректерге көз жүгіртетін болсақ, адам өміріндегі әрбір оқиға салт-дәстүрге сәйкес атап өтіледі. Қазақ халқы салт-дәстүрге сүйене отырып ағайын-туғанмен, жекжат-жұрағат, көршілермен өзара қарым-қатынасын реттей отыра, бір-бірімен үнсіз түсінісіп, ынтымақтастықта өмір сүріп сыйласа білген. Жалпы болашаққа бағдары ретінде заман өзгерсе де, ұлттық салт-дәстүрімізді қадірлеп көнермеуіне күш салып, ұлттық құндылығымызды жаңғыртып отыруымыз керек. Болжам бойынша, түйіндеп айтар болсам сонау ғасырлардан мұра етіп қалған салт-дәстүрімізді жоғалтпай, өмірдің тынысына сай кейінгі ұрпаққа табыс ету, бүгінгі мына біздердің міндетіміз. Бүгінгі студент – ертеңгі маман халқының мұраларын, салт-дәстүрін сақтау жолында қамқорлық көрсете білсе нұр үстіне нұр болар еді. Қазақтың салт-дәстүріне сусындап өскен ұрпақ қоғамда талғамы жоғары, басқаларға үлгі бола білетін азамат болатыны сөзсіз. «Тәрбие – тал бесіктен» -демекші салт-дәстүрін ұстанып өскен баланың тәрбиесіндегі дәстүр сабақтастығы, ұрпақ үндестігі үзілмесе екен деп жастарға кеңес беремін. Ойымды мәліметтермен дәлелдей отыра «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» демекші, салтын сүйген әрбір ұрпақ болашақта халқын сүйіп, құрмет тұтатын өз тілінің жанашыры бола білу керек!

Өмірде жетістікке жетудің жалғыз жолы – сәтсіздікке ұшырағаннан кейін беріле салмай, алдыға ұмтылу. Менің ойымша, адамдардың жетістікке жете алмауының бір ғана шынайы себебі бар. Олар алдына қойған мақсаттарынан тым ерте үміт үзеді. Себебі? Неліктен? Сауал тастап көрейікші? Мүмкін олар өздерінің болашағына тым оптимистік көзқараспен қарайды, олар бәрі оңай және ойдағыдай болады деп ойлайды. Алайда, олар өздерін жетістікке жету жолында әртүрлі қиындықтар мен сәтсіздіктер күтіп тұрғандығына дайын болмады, ал алғашқы проблемалар пайда болған кезде оларда бірден көңіл-күй мен бірдеңе жасауға деген ұмтылыс жоғалады, содан кейін бәрі стандартты сценарий бойынша жүреді. Нәтижесі мен салдары бұдан шығатын яғни: бүкіл әлем маған қарсы, мен өмір бойы сәтсіздікке ұшыраймын да жүремін, маған жетістікке жету мүмкін емес, менің қолымнан ештеңе келмейді деген сияқты. Бірақ олар ең маңызды нәрсені түсінбейді. Яғни, қиындықтар, сәтсіздіктер, проблемалар бұл уақытша кедергілер, егер адам олардың ықпалына түсіп, тырысуды тоқтатса, онда оның жетістікке жетудің мүмкіндігі жоқ болады. Есіңізде болсын, сіз қандай іспен айналыспасаңыз да, сіз көптеген қиындықтарға кезігесіз және жеңіске жетудің жалғыз жолы – оларды жеңуді үйрену және ешқашан берілмеңіз, өйткені сіздің бүкіл өміріңіз тек сіздің қолыңызда, егер де үмітіңізді үзсеңіз, онда сіз мәңгі ұтылған болып саналасыз. Сәтсіздік сонымен қатар нәтиже болып табылады, соның арқасында сіз бағалы тәжірибе жинай аласыз және де сіздің жағдайыңыздан әлдеқайда нашар адамдар бар екенін есіңізде сақтаңыз. Әлемге әйгілі Омар Хайям айтып кеткендей «Мен аяғы жоқ жерлесімді кездестіргенге дейін жаратушыға етігім жоқ деп ренжулі едім». Ешқашан ешкім сізді бір нәрсеге лайық емес деп айтуына жол бермеңіз, сіз өзіңіздің қадіріңізді білуіңіз керек және бұл өмірде сіз сәттілікке, бақытқа, байлық пен махаббатқа лайық екеніңізді айқын түсінуіңіз керек. Осы ұстанымды үнемі ойыңызда сақтаңыз және барлық мақсаттарыңызға жеткенге дейін ешқашан берілмеңіз, үміт үзбеңіз. Көптеген адамдар жетістікке жетуге бір қадам қалған кезде беріле салады және олар бұл туралы тіпті білмей де қалады. Егер сіз үмітіңізді үзіп, мақсаттарыңызға жетуден бас тартқан жағдайда, кез-келген сәтте сіз әрдайым сол мақсаттарыңызға жетуге бір қадам қалғаныңызды ұмытпаңыз, тіпті ең кішкентай және елеусіз қадам да шешуші бола алады. «Бір

күні бір фермердің есегі құдыққа құлап, көмекке шақырып қатты ақыра бастады. Оның иесі ақырғанына жүгіріп келіп, қолын бір сілтейді, себебі, үй жануарын құдықтан шығару мүмкін емес еді. Сонда иесі былай деп ойлады: менің үй жануарым кәрі оған өмір сүруіне аз қалды және өзім жаңа есек сатып алғым келіп жүрген. Сонымен қатар құдығым толығымен құрғақ, жаңасын қазу үшін оны көптен бері көмуді жоспарлап жүр едім. Сондықтан да неге екі қоянды бір таспен өлтірмеске – мен ескі құдықты көміп, есекті қатар өлтіремін». Екі ойланбастан ол көршілерін шақырды. Барлығы қолдарына күрек алып, құдықты топырақпен көме бастады. Ал оны есек бірден түсініп, жүрегі елжірей одан сайын ақыра бастады, бірақ көршілері оған мән бермей, үнсіз өз жұмыстарын жалғастыра берді. Алайда, көп ұзамай үй жануары үнсіз қалды. Иесі құдыққа қараған кезде есектің артына түсіп жатқан әрбір топырақты үстінен сілкіп, қағып аяғымен таптап жатқанын көрді. Біраз уақыттан кейін, бәрін таңқалдырған есек жоғарғы қабатқа шығып, құдықтан секіріп кетті! Біздің әрқайсымыздың өмірімізде қиындықтар мен проблемалар бар және олар, әрине, біздің жолымызда кездеседі. Бірақ сіз оларға ақылмен және сабырмен қарауыңыз керек. Жағдай қаншалықты қиын болғанымен осы үй жануары сияқты үмітіңізді үзбей, берілмей сізге әр топырақ үстіңізге түскен сайын, оны сілкіп, қағып және соның арқасында сәл жоғары көтеріле алатын таңдауыңыз бар екенін ұмытпаңыз. Осылайша, сіз ең терең құдықтан біртіндеп шыға алатыныңызды да ойыңызға түртіп қойыңыз. Расымен де, Томас Эдисон айтып кеткендей ешқашан берілмей, өзіңізге сеніп, алдыға ұмтылсаңыз міндетті түрде нәтиже болады.

## СЕКЦИЯ V. МЕДИАОБРАЗОВАНИЕ И ЭТИЧЕСКИЕ ИНДИКАТОРЫ

**Г. АСАНБАЕВА,**  
*к. филос. н., доцент*  
*региональный консультант по медиаграмотности Программы MediaCAMP*  
*Представительство Internews в Казахстане*

### МЕДИАГРАМОТНОСТЬ В ЖУРНАЛИСТСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

Одно из направлений программа Media CAMP [1] (Central Asian Media Program), действующей с октября 2018 года, – повышение медийно-информационной грамотности не только потребителей, но и поставщиков информации в Казахстане, Таджикистане и Узбекистане.


Сегодня по информации преподавателей и тренеров по медиаграмотности, обученных в проектах Internews, в 29 вузах Казахстана и 8 вузах Таджикистана медиаграмотность введена как самостоятельный предмет или модуль, интегрированный в другие социально-гуманитарные дисциплины.

Министерство информации и общественного развития в Казахстане поставило вопрос о придании медиаграмотности статуса обязательного предмета на журфаках. Что означает обучение медиаграмотности студентов факультетов журналистики? В самом общем виде очевидно, это необходимость поставлять достоверную информацию потребителям и следование профессиональной этике. Пока мы не можем ответить на вопрос: какие именно методы обучения медиаграмотности являются наиболее успешными?

Известная исследовательница проблем медиаграмотности Рини Хобс считает ценным включение в учебные программы по медиаграмотности теорий заговора. Об удручающих последствиях незнания причин распространения теорий заговора мы убедились в пандемию, когда, они заполнили не только социальные сети, но и профессиональные медиа.

Письмо бельгийских врачей призывающее отменить карантин и пересмотреть другие запреты на «коронавирус», многие СМИ напечатали без каких-либо комментариев, что приравнивает эти СМИ к самим сторонникам конспирологии: «повторяя ложь даже с целью её развенчания, мы помогаем её дальнейшему распространению и укреплению».


Возможно, следование рекомендациям ЮНЕСКО, где подчеркивается важность использовании надежных источников, могло бы в какой-то степени снизить уровень массового распространения недостоверной информации.



Массовое отступление от этических правил можно увидеть на свежем примере, который всколыхнул и центрально-азиатское журналистское сообщество: интервью К. Собчак с маньяком – педофилом, который отсидев положенный срок, пригрозил в этом интервью вновь встретиться с жертвой своего преступления. Высказывание одного из участников обсуждения можно принять в качестве резюме к этому громкому кейсу: не считаю, что интервью с маньяком как-то противоречат журналистской этике, но то, как это сделала Собчак в этом видео не имеет ничего общего с журналистикой. Это абсолютно непрофессионально, безнравственно и

просто ничего кроме физиологического отвращения по отношению к авторке "репортажа" не испытываешь.

Казахстанская журналистика тоже недалеко ушла от такого хайпа, когда большинство профессиональных не упустили случая расписать «зверские» подробности убийства студентки, разместив фото жертвы и подробности личности подозреваемого до вынесения судебного решения.



Источник: <https://astanatv.kz/ru/news/60261/>

ЮНЕСКО создало общие руководящие принципы по обучению в области медийно-информационной грамотности, подчеркивая необходимость создания инфраструктуры и средств для поддержки образовательных программ, ориентированных на подготовку кадров для работы в СМИ, способы их мониторинга и оценки. Однако в странах Центральной Азии, ведущую роль в развитии ее берут на себя организации гражданского общества, а большинство заинтересованных сторон, в том числе, и само государство не несет никакой установленной законом ответственности.

Проблемы изучения и преподавания медиаграмотности еще не стали предметом интереса ни государственной аккредитации, ни рейтингов, составляемых Национальной палатой предпринимателей «Атамекен» по заказу Министерства образования и науки РК, ни исследований медийных НПО.

В целом, пока мы не можем ответить на вопрос: какие именно методы обучения медиаграмотности являются наиболее успешными? Во многих случаях, работая над развитием медиаграмотности, мы испытываем сложности при выборе критериев оценки ее состояния. В этом отношении представляется целесообразным внимательное изучение зарубежного опыта.

### **Основные факторы, влияющие на состояние медиаграмотности**

Весьма продуктивным, на наш взгляд, является изучение прогностических параметров, предложенных разработчиками методологии составления Индекса медиаграмотности в странах Европейского Союза, которые применяются в Европе с 2017 года:

- 1) уровень свободы СМИ,
- 2) качество образования,
- 3) уровень межличностного доверия,
- 4) электронное участие (e-participation).

Из перечисленных четырех факторов наиболее важными для развития медиаграмотности считаются состояние **свободы слова и качество образования** [2].

Независимая сильная пресса и высокий статус научного знания в первую очередь обеспечивают устойчивость общества в противостоянии фальшивым новостям, теориям заговора и манипулятивным технологиям политической пропаганды. Вес уровня свободы слова в методике составления индексов медиаграмотности – наибольший, и составляет 40%, поровну распределяясь между показателями Всемирного Индекса свободы прессы [3] и международной неправительственной организации Freedom House [4].

Таблица 1

Рейтинг из 180 стран	страна	балл
82	Кыргызстан	30.19
149	Россия	48.92
156	Узбекистан	53.07
157	Казахстан	54.11
161	Таджикистан	55.34

Рейтинг свободы слова  
<https://rsf.org/en/ranking>

Таблица 2

страны	баллы
Кыргызстан	39
Казахстан	23
Россия	20
Узбекистан	10
Таджикистан	9

Показатель свободы  
<https://freedomhouse.org/countries/freedom-world/scores>

Как видно из приведенных данных международной неправительственной организации «Репортеры без границ» за 2020 год, Узбекистан, Казахстан и Таджикистан находятся в хвосте рейтинга свободы слова, оцененного в 180 странах. Чем меньше балл, тем страна свободнее. В рейтинге Freedom House, наоборот: чем больший балл получает страна, тем она считается более свободной.

По мере распространения COVID-19 в Казахстане, Таджикистане и Узбекистане журналисты и СМИ все чаще сталкиваются с нарушениями своих прав. Их преследуют за сомнения в версиях правительства о ситуации с распространением вируса или за использование социальных сетей для выявления незарегистрированных случаев заражения.

Второй по значимости прогностический параметр – **функциональная грамотность** [5], связанная с состоянием медиаграмотности общества самым непосредственным образом. Согласно ЮНЕСКО [6], функционально грамотным считается индивид, вовлеченный во все виды активности, в которых грамотность необходима для эффективного функционирования его группы и сообщества, а также для обеспечения возможности дальнейшего использования им чтения, письма и счета для его собственного развития и для развития сообщества.

Таблица 3

	Средний балл в PISA 2018			Школьники с наиболее высокими и наиболее низкими баллами в %	
	Чтение	Математика	Естественнознание	Доля школьников с наивысшими оценками хотя бы по 1 дисциплине (5 или 6 уровень)	Доля школьников с наиболее низкими баллами по всем 3 дисциплинам (ниже уровня 2)
Для всех исследованных стран в PISA 2018	487	489	489	15.7	13.4
Россия	479	488	478	10.8	11.2
Украина	466	453	469	7.5	17.5
Беларусь	474	472	471	9	15.9
Казахстан	389	423	397	2.2	37.7

Данные исследования PISA для некоторых стран (2018 г.)

В европейской методике составления индексов медиаграмотности берутся в расчет оценки PISA по всем дисциплинам, но приоритетом считаются успехи в **читательской грамотности**,

удельный вес которой составляет 30% всех факторов, влияющих на состояние медиаграмотности. Оценки по математике, естественным наукам, а также доля населения, имеющая университетское образование, оцениваются каждая по 5%. Из трех стран, в которых реализуется программа MediaCAMP, в исследованиях PISA участвовал только Казахстан [7], начиная с 2009 года. По среднему показателю по трем дисциплинам Казахстан в PISA 2018 набрал 402,3 балла и занял 62 место в рейтинге из 79 стран.

Сопоставление результатов Казахстана с данными других постсоветских стран подтверждает наличие серьезных проблем в функциональной грамотности школьников в целом.

Умение самостоятельно мыслить, анализировать, выдвигать собственные гипотезы и использовать имеющиеся знания для решения жизненных задач – маркеры высшего 5-6 уровня функциональной грамотности. Доля школьников из Казахстана с наивысшими оценками хотя бы по одной дисциплине составляет всего 2,2 %.

Роль третьего фактора, **межличностного доверия**, который в европейской методике составления индексов медиаграмотности по удельному весу занимает 10%, в данной публикации мы не рассматриваем, потому что специальных исследований по этой проблеме в странах, где реализуется программа MediaCAMP, не проводилось.

Четвертый фактор – **электронное участие** – с удельным весом в 5% представляется в описываемых странах самым благополучным. Две страны из трех, в которых реализуется программа MediaCAMP, получили самый высокий индекс электронного участия [8], а третья, Таджикистан, – средний индекс.

Таблица 4

Страна	Рейтинг	Индекс	Статус
Казахстан	26	0.88100	Очень высокий
Россия	27	0.86900	Очень высокий
Узбекистан	46	0.80950	Очень высокий
Таджикистан	146	0.34520	Средний

Рейтинг и индекс электронного участия 2020 по данным 193 стран

Электронное участие основано на трех компонентах: обеспечение доступа населения к информации в интернете, консультации с общественностью и электронное принятие решений через непосредственное вовлечение граждан в процессы принятия решений в режиме онлайн.

Ценность электронного участия – в развитии инклюзивного общества через повышение гражданской активности. Однако, на наш взгляд, в исследованиях по медиаграмотности пока не уделяется должного внимания изучению эффективности электронного участия в развитии цифровых компетенций, которые стали неотрывной частью медийно-информационной культуры современного человека. Эту взаимосвязь должны исследовать не только в академической среде или в рамках деятельности некоммерческих организаций, она должна быть на повестке дня и самого государства.

Согласно исследованиям Internews 2019 года, показатели получения госуслуг в интернете во всех трех странах низкие, однако, чаще всего госуслугами с помощью интернета пользуются казахстанцы.

К чему сводится активность казахстанцев в интернете? Это общение в соцсетях, размещение материалов, просмотр развлекательного контента, скачивание медиаконтента

чтение новостей, пользование поисковиками, совершение финансовых операций, покупки, чтение онлайн-книг [9], не может не радовать появление электронных петиций, когда журналисты Казахстана, возмущенные молчанием официальных органов в отношении реальной ситуации с распространением коронавируса, обратились с онлайн-петицией к президенту страны, напоминая, что «источником информации являются представители государственных органов, чья задача – информировать общество, а не сеять панические настроения среди и без того встревоженного населения». Однако такие явления пока не стали устойчивым механизмом участия большинства людей в формировании политической повестки. Важно отметить, что данные о результатах, воздействии и эффективности электронного участия ограничены. Исследования о связи и эффектах влияния электронного участия на устойчивость стран Центральной Азии в противостоянии распространению недостоверной информации и постправде в целом только ждут своих исследователей.

### **Факторы медиаграмотности в учебных пособиях**

Основные факторы медиаграмотности вошли в первый оригинальный учебник по медиаграмотности для преподавателей вузов Казахстана [10]. Медиаграмотность в нем трактуется как необходимое условие активного участия человека в современном демократическом обществе с высокоразвитыми информационно-коммуникационными технологиями. В пособии подробно описывается первый Индекс медиаграмотности, представленный в странах Европы в 2017 году. В пособии подчеркивается, что дезинформация теряет свою эффективность при условии **качественного образования** критически мыслящих граждан: «Роль образования можно сравнить с прививкой, которая создает иммунитет к различным штаммам и формам ложных утверждений, дезинформации, пропаганды и т. д» (Модуль 1. Основные понятия и принципы МИГ).

Первым оригинальным учебником на казахском языке стало пособие для студентов региональных вузов, созданное заведующей кафедрой Северо-Казахстанского университета А. Шайкеновой. Учебник по медиаграмотности для старшеклассников создавался на протяжении двух лет, с помощью экспертов из России, Украины, Литвы и Кыргызстана [11]. Internews продолжает финансовую поддержку создания новых учебных пособий. Особое внимание уделяется подготовке учебных материалов, адаптированных к обучению в дистанционном формате.

Нельзя обойти вниманием проблемы создания таких пособий на национальных языках. Прежде всего потому, что еще не разработан словарь терминов. Так, в ходе исследований 2019 года было выявлено, что такие понятия, как «фейковые новости», оказались незнакомыми для 32% респондентов в Казахстане, 68% в Таджикистане, 64% в Узбекистане. Такая же ситуация с понятиями «информационная война», «компрогат». Отсутствие в общественном дискурсе понятий, связанных с медиаграмотностью, неизменно приводит к спорам, и зачастую это тормозит прогресс в развитии самой медиаграмотности. Так, например, адаптация и перевод названного учебного пособия на национальные языки неоправданно затянулись по причине дефицита в наших странах экспертов по медиаграмотности, работающих на национальных языках.

В Казахстане, Таджикистане и Узбекистане было опрошено по тысяче респондентов. При достаточно высоком проникновении интернета в Казахстане (89,4%), Таджикистане (62,5%) и в Узбекистане (57,7%), значительная часть респондентов во всех трех странах больше всего доверяет информации, распространяемой **телевидением**.

На наш взгляд, телевидение в странах Центральной Азии, использующее интерактивные формы коммуникации со зрителями, в основном, в развлекательных программах, меньше всего способствует развитию критического мышления. Исследование показало, что большинство респондентов во всех трех странах не смогли оценить объективность/необъективность источников информации и затруднились назвать источники, которым они более всего доверяют, что указывает на невысокий потенциал изученных стран в противостоянии фейковой информации.

В упомянутом выше исследовании все респонденты (по 1000 человек в каждой стране) были разделены на три условные группы, в соответствии с уровнем фиксируемой медиаграмотности:

- 1) низкий уровень медиаграмотности (0 -11 баллов);
- 2) средний уровень медиаграмотности (12-23 балла);
- 3) высокий уровень медиаграмотности (24–35 баллов).

Таблица 5

Компоненты медиаграмотности	Казахстан	Таджикистан	Узбекистан	Максимум значения
Умение эффективно искать и находить необходимую информацию	3,3	3,0	2,7	7
Умение обезопасить себя от вредоносного и избыточного контента	2,8	2,2	1,9	7
Умение верифицировать и критически оценивать информацию	3,1	3,2	3,5	7
Способность адекватно воспринимать информацию и эффективно ее использовать	7,6	4,8	4,6	18
Умение эффективно распространять информацию с учётом требований законодательства	6,4	4,4	3,6	18

Средние значения по частным индексам медиаграмотности

На основании представленных частных индексов был рассчитан интегральный (сводный) индекс (четвертый и пятый индексы были нормированы и приведены к семибалльной шкале). Таким образом, максимально возможное значение индекса составило 35 баллов. Интегральный индекс представлен в исследовании в качестве среднего балла для каждой из стран.

Таблица 6

	Казахстан	Таджикистан	Узбекистан	Максимально возможное значение
<b>Средний балл (интегральный индекс медиаграмотности)</b>	14,6	11,9	11,3	35

Интегральный индекс медиаграмотности по странам

По мнению социологов, значение интегрального индекса медиаграмотности Казахстана (14,6) можно отнести к среднему уровню медиаграмотности, а значения, полученные для Таджикистана (11,9) и Узбекистана (11,3), можно охарактеризовать как низкие.

### Перспективы медиаграмотности

Состояние грамотности взрослого населения также является одним из решающих факторов влияния на уровень медиаграмотности всего населения. Его мы вновь рассмотрим на примере Казахстана, потому что это единственная из трех изучаемых стран, принявшая участие в исследованиях PIAAC – Программы международной оценки компетенций взрослых (Programme for the International Assessment of Adult Competencies), проводимой ОЭСР [12].



В период с августа 2017 по апрель 2018 в PIAAC приняли участие 6,050 казахстанцев в возрасте от 16 до 65 лет. Оценивалось, насколько они владеют навыками обработки информации: умеют грамотно читать и писать, считать, решать проблемы в технологически-насыщенной среде и пользоваться этими навыками дома, на работе и в обществе.

В среднем, уровень казахстанцев в области грамотности оказался намного ниже среднего уровня по ОЭСР. Только один из 50 взрослых достиг наивысшего (уровень 4 или 5) уровня грамотности: способности интегрировать, интерпретировать и синтезировать информацию из сложных или длинных текстов, содержащих условную и/или конкурирующую информацию [13].

Когда значительное количество взрослого населения страны не умеет грамотно читать и писать, а также считать, пользоваться технологиями и решать сложные задачи, развитие медиаграмотности требует усилий не только со стороны неправительственных организаций, но и самого государства.

### Литература

1. <https://ru.internews.kz/mediacamp/#1548975090855-ba466387-ca81>
2. Media Literacy Index 2021 <https://osis.bg/?p=3750&lang=en>
3. <https://rsf.org/en/ranking>
4. Всемирный индекс свободы прессы составляется международной неправительственной организацией «Репортеры без границ» и отражает ситуацию со свободой СМИ, основан на оценке плюрализма, независимости медиа, законодательства и защищенности журналистов в 180 странах. Эксперты международной неправительственной организации Freedom House присваивают государствам своеобразный «статус свободы». Всего таких статусов 3 — «свободная», «частично свободная», «несвободная». Все страны, приведенные в нашей таблице, по результатам 2020 года получили статус «несвободная».
5. Оценивается PISA (Programme for International Student Assessment), международным исследованием оценки уровня математической, читательской и естественнонаучной грамотности 15-летних обучающихся. Проект координирует Организация экономического сотрудничества и развития (ОЭСР)
6. [http://portal.unesco.org/en/ev.phpURL\\_ID=13136&URL\\_DO=DO\\_TOPIC&URL\\_SECTION=201.html](http://portal.unesco.org/en/ev.phpURL_ID=13136&URL_DO=DO_TOPIC&URL_SECTION=201.html)
7. [https://www.oecd.org/pisa/publications/PISA2018\\_CN\\_KAZ.pdf](https://www.oecd.org/pisa/publications/PISA2018_CN_KAZ.pdf)
8. Индекс электронного участия рассчитывается в значениях от 0.00 до 0.25 (низкий), от 0.25 до 0.50 (средний), от 0.50 до 0.75 (высокий), от 0.75 до 1.00 (очень высокий) и ежегодно определяется ООН
9. <https://drfl.kz/ru/zhurnalisty-kz-obratilis-k-presidentu/>
10. Учебное пособие по медиаграмотности для преподавателей вузов Казахстана, Internes, 2019 <https://newreporter.org/uchebnoe-posobie-po-mediagramotnosti/>
11. Конкурс Internews на создание данного учебника выиграл Международный центр журналистики MediaNet, и в настоящее время созданные им учебники на казахском и русском языках находятся в процессе рассмотрения в «Республиканском научно-практическом центре экспертизы содержания образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан. Учебники и методические пособия доступны на: <https://www.dropbox.com/sh/0vd8q6lx28idh52/AACXSXrr7d-18xum8A16BC9ca?dl=0>
12. <http://www.oecd.org/skills/piaac/>
13. PIAAC Country Note on Kazakhstan, доступно на: [https://www.oecd.org/skills/piaac/publications/countryspecificmaterial/PIAAC\\_Country\\_Note\\_Kazakhstan.pdf](https://www.oecd.org/skills/piaac/publications/countryspecificmaterial/PIAAC_Country_Note_Kazakhstan.pdf)

**З.Ж. ҚОЙГЕЛДИЕВА,**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
журналистика және саясаттану факультеті  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы  
e-mail: zaiuuuuuu@mail.ru*

## БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

Қазақстанның әлемдік ақпараттық кеңістікке енгені ешқандай дау тудыра қоймас. Біз жаңа тұрпат, тың мазмұндағы мемлекет құру процесін бастан кешіріп жатқан елміз. Адамзаттың интеллектуалдық өмірі үшін ол аз мағына бермейді. Біз ғаламтордың ақпараттық қуатты мүмкіншілігін терең ұғыну жолына түстік. Ақпараттық қоғамда жаңа медиа және мәдени коммуникацияның қоғамға ықпалының ара жігі айшықтала түсті. Кейінгі жылдар еншісінде жаһандану үдерісінің жандануына тікелей әсерін тигізген ғаламтордың дәстүрлі бұқаралық

ақпарат құралының бір қоғамда қатар қызмет етуі. Ақпараттық телеарналардың бірін-бірі толықтырып, өзара бәсекеге қабілеттілігін анықтау мәселесі қолға алынды.

Кейінгі уақытта дәстүрлі ақпарат құралдарындағы мәліметтерді ғаламтор арқылы тұтынатындар қатары саны артып келеді. Интернет ақпарат алмасатын алаң болғандықтан медиа нарық азаматтары бұл алаңды тиімді пайдалануда. Нәтижесінде ақпаратты дәстүрлі емес жолмен, яғни газет, радио немесе теледидар арқылы жеткізумен шектелмей оны түрлендіріп беру «жаңа медиа» құбылысына ұласты.

Ғаламтор мүмкіндігі тұтынушыға бір сайттан мәтін оқып, видео көріп, аудиосын тыңдап, суреттері арқылы ақпарат алумен қатар, оны әрі қарай дамытуға да мүмкіндік беріп отыр. Осылайша цифрлық технологияның дамуы ақпаратты әзірлеу, қабылдау, тұтыну және таратуға үлкен өзгеріс алып келді. Сонымен қатар «Twitter», «Facebook», «Instagram», «Youtube», «Telegram» әлеуметтік желісі арқылы да көптеген жаңалықтарды көруге болатынын білеміз.

Дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралы бәсекеге қабілетті болуы үшін бүгінгі редакция жұмысына өзгеріс керек болды. Ол өзгерісті тек ғаламтор арқылы алуға болатын еді. Қазіргі оқырман телефон, ноутбук, нетбук, айфон, айпад ұстап жүреді, көпшілігі девайс (ағылш. *«device»* сөзінен-күнделікті пайдалануға болатын ыңғайлы құрал) арқылы ақпарат алады. Сондықтан дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралының тілшілері осы девайсқа лайықталған ақпарат таратуды қолға алды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде кеңесінде сөйлеген сөзінде «Цифрландыру дегеніміз бір ғана саланы немесе бір бағытты дамыту емес екеніне тоқталып, оның ең алдымен, экономиканың, өнеркәсіптің және қоғамның дамуына түбегейлі өзгерістер әкелуі қажеттігін», - баса айтты. Цифрлік сауаттылық – қоғамды ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, қауіпсіздік шараларын сақтау. ХХІ ғасырды ғаламтор ғасыры десек, ең негізгі тақырып инновациялық технология туралы болмақ. Цифрлік сауаттылық – бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді түрде пайдалана білуінде.

Осы цифрлік технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын жоғары деңгейде өмір сүруге жол ашып отыр. Қарап отырсақ, адам баласы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру кезеңіне кідірмей қадам басып барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары.

Тіпті ата-бабаларымыз ертегілердің өзінде қиялы жетіп бейнелей алмаған жаңа дүниелермен кездесуімізге көп қалған жоқ. Бұл туралы атақты футуролог, жапон физигі Митио Каку былай дейді: «Цифрлы технологиялардың арқасында адамдар, шартты түрде алғанда, өлместік жағдайға жетуі мүмкін. Мәселен, Альберт Эйнштейн туралы барлық мәліметтерді жинастыра келе, осы ақпараттардың негізінде оның цифрлы көшірмесін жасап, оны голографиялық бейнемен толықтыруға болады. Ал қазіргі өмір сүріп жатқан адамның, мәселен, сіздің цифрлы болмысыңыз бен тұлғаңызды жасау одан да жеңілдейді. Ол үшін сіздің миыңыздағы барлық ақпараттарды оқиды да, соның негізінде көшірмеңізді жасайды. Сіз өлген кезде бұл егіз-көшірмеңіз сіздің орныңызға өмір сүріп, сіздің мінезіңіздің негізінде дами алады және сіздің жадыңызды жаңа таныстықтармен байыта береді». Міне, қараңыз цифрландырудың жетілгендігі соншалықты адамның ми қыртыстарындағы нерв талшықтарын оқи алатын жағдайға жеткен.

Яғни, қазіргі таңда бұл технологиялар жанару, жасақталу үстінде. Жаңарғаны соншалық біз біле бермейтін ақпараттық технологиялар өмірге келе бастады. Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Қазақстанда білім беру саласын цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады.

Қазақстан қазірдің өзінде ақпараттық технологияларды енгізу, компьютерлік қамтамасыз ету, интернетке қосылу, «Электронды» үкімет жұмыстарын ұйымдастыру көрсеткіші

бойынша ТМД кеңістігінде алдыңғы қатарда келеді. Елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілді.

Білім саласын цифрландыру деген қатысушылардың барлығына инновацияның озық түрлерімен таныстыра отырып, соны пайдалана білуді үйрету. Білім саласындағы оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылады. Цифрлық платформа құру арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсартатын Цифрлік Қазақстан -2020 Елбасымен ұсынылған бағдарламаны жүзеге асыруда қоғам белсенділік танытуда.

Бүкіл әлемді шарпыған індет құрсауына іліккен әлемде білім беру жүйесі де үлкен өзгеріске бет бұрды. Жоғары оқу орны, арнаулы оқу орны және орта білім беру орындары қашықтан оқыту жүйесіне көшті. Білім саласы жаңа білім беруге бағыт алды.

Қашықтықтан оқыту, басында қиын болды. Десек те, қашықтықтан жұмыс жасауда жинақталған тәжірибе жетерлік, ПОҚ және мектеп мұғалімдерінің цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, электронды журнал жүйелерімен таныс болғандықтан, бірден қашықтан оқыту процесін игеріп кетті.

Жоғары оқу орнындағы дәрісті онлайн түрде жүргізу (zoom, teams, telegram) арқылы жүргізуді негізге алды. Сонымен қатар жас маманның оқу үлгерімі, барысы жайлы «платонуска» тіркелу арқылы болатынын атап өткіміз келеді. Үй тапсырмаларын студенттер онлайн режимінде орындай алады. Университет кітапханалары ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналды. Оқу үрдісі әрбір білім алушының идентификаторымен байланыстырылатын болды, бұл бағалау және бағаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мессенджердегі қарым-қатынас, онлайн төлемдер, электрондық қызметтер – осының барлығы заманауи адамның күнделікті істерінің бір бөлігі болып табылады. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын қабылдай отырып, қазақстандықтардың өміріне қарқынды енген цифрландыру экономиканың жаңа моделін жасайды, онда тек базалық салалар мен бизнес қана емес, сонымен қатар қоғамның бүкіл өмірі де цифрленген.

XXI ғасырдың білім саласындағы жетістігіне тоқталсақ, цифрландыру бастауыш мектептен бастап жоғары білім беру саласында да қалыптастырылып келеді. Соңғы уақытта жеке тапсырмалардан бастап тағайындалған қалыптастыру үшін толық курстар мен модульдерге дейін ашық жалпы білім беру, жалпы дамудың онлайн-ресурстарын құру және пайдалану үдерісі белсенді түрде жүргізілуде.

Онлайн курстар, вебинар, онлайн форматтағы семинар-тренингтер платформасы баршаға ақпараттық ағындарға жылдам бейімделуге, ақпаратты бағалауға, ерекше жағдайларда шешімдер қабылдауға, бір сөзбен айтқанда, XXI ғасырдағы инновациялық дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Халықтың әлеуметтік парадигмасын қайта цифрландыру, ол адамдардың ой өрісін кеңейтуге, жаңа білім алу мүмкіндігіне жол ашты. Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі – желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және шалғай шеберлік сабақтарын өткізу. *Қазақстанның цифрландыру рыногындағы цифрлық жетекшілігін алуға барлық мүмкіншілігі бар, бұл барлық дүниежүзілік қауымдастығын қызықтыруы мүмкін.* Желілік технологияларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері – бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау.

Цифрландырудағы негізгі мақсаты – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету. Ең бастысы – цифрлы білім беру сапасын арттыру. Біздің жас мамандар халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді.

Жоғары оқу орнындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттырумен қатар бәсекеге қабілетті жас мамандарды тәрбиелеу.

Цифрлық сауаттылыққа оқыту курстары Қазақстанның барлық аймақтарында сәтті басталып кетті. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы аясында халықтың цифрлық сауаттылық деңгейін 2022 жылға қарай 83%-ға дейін кезең-кезеңмен арттыру жоспарланып отыр.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі. Айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір екендігіне көз жеткізіп қана қоймай өзіміздің санамызды, салтымызды сақтай отырып, рухани байлығымызды молайтуға жол ашуымыз керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. 1.04.2021 Қасым-Жомарт Тоқаев «ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде кеңесінде сөйлеген сөзі
2. Әліпбай С. цифрландыру туралы не білеміз? 05.2017 жыл желтоқсан EGEMEN.KZ
3. Цифрландыру бойынша республикалық кеңес [электрондық ресурс]. —
4. Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілді [Электрондық ресурс]. —
5. Қолжетімдік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
6. Қолжетімдік тәртібі: [https://egov.kz/cms/kk/news/news\\_digital](https://egov.kz/cms/kk/news/news_digital)
7. Дереккөз: "EDUNews.KZ" ақпарат агенттігі 21.03.2021 сағат 12.23
8. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы

**Н. КАСЫМБЕКОВА,**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*

*журналистика факультетінің 2-курс магистранты,*

*Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

*Ғылыми жетекшісі: ф. г. к., доцент Д.Т. Губашева*

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ**

**Андатпа.** Мақалада Қазақстандағы сөз бостандығы жан-жақты сараланып, журналистік ұйымдастыру жұмыстары көрсетілді. Сондай-ақ, мемлекет тарапынан медианың ашықтығы үшін жасалып жатқан жұмыстар жазылды. Әлемдегі интернет бостандығын қадағалайтын NetBlocks халықаралық ұйымының деректері ұсынылды.

**Кілт сөздер:** сөз бостандығы, Қазақстан, Орта Азия, саясат, цензура.

1948 жылы 10 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымы адам құқығы жайлы жалпыға ортақ декларация қабылдады. 30 баптан тұратын адамзат тарихындағы маңызды құжаттың 19-бабында: «Әрбір адам сенім бостандығына және оларды еркін білдіруге құқылы; бұл құқық өз нанымдарын кедергісіз ұстану еркіндігін және ақпарат пен идеяларды кез келген құралдармен және мемлекеттік шекараларға қарамастан іздеу, алу және тарату еркіндігін қамтиды» делінген [1].

Осы құжатты негізге ала отырып, әлемдегі барлық елдер ақпараттың таралуына, сақталуына байланысты заң жобаларын әзірледі.

Қазақстан Республикасы 1995 жылы 30 тамызда Ата Заңын екінші рет бекітті. Еліміздің бас құжаты болып саналатын Конституцияның «Адам және адамзат» деп аталатын II бөлімінің 20-бабында: «1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. 2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді» деп көрсетілген [2].

Аталған құжат аясында 1999 жылдың 23 шілдесінде «Қазақстан Республикасының Бұқаралық Ақпарат Құралдары» туралы Заңы қабылданды. Заңның 2-бабында: «Сөз, ақпаратты алу және тарату бостандығы» туралы айтыла келіп, 1-бөлімінде: «Сөз, шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа арқылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тыйым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік беріледі. Цензураға

тыйым салынады» делінген. Сондай-ақ, 2-бөлімде «Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті» делінген [3].

Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің дерегіне сүйенер болсақ, елімізде 2020 жылдың 19 қазанындағы мәлімет бойынша, 4597 БАҚ тіркелген, оның ішінде 3432 – мерзімді басылым, 175 телеарна, 74 радио және 39 ақпараттық агенттігі және 265 желілік басылым бар. 660 интернет БАҚ, 256 шетелдік телеарна тіркелген [4].

Ресей мен Қазақстан журналистикасының ортақ тұстары көп. Көршілес елдің зерттеушілері бұқаралық ақпарат құралдарын ұйымдастырудың 3 формасын көрсеткен:

Бірінші – БАҚ мемлекет меншігінде. Бұл жерде материалдың тақырыбы, бағыты, көзқарасы мемлекеттік тапсырыс арқылы бекітіліп отырады. Журналисттің өз пікірін ұстанып қалу ықтималдылығы өте төмен.

Екінші – БАҚ жеке капиталдың меншігінде. Егер, қоғам мен кәсіпкерлер бірлестігі мықты болса, сондай-ақ, мемлекеттен тәуелсіз болса, аудитория ақпарат ашықтығына 100% ие болатын еді.

Үшінші – өзін-өзі қаржыландыратын БАҚ. Мұнда қаржының негізгі көзі – жарнама болып саналады. Сондай-ақ, мұндай ұйымдастыру формасындағы БАҚ-ты бақылап отыратын арнайы тәуелсіз бірлестік болуы шарт. Бұған ВВС мысал бола алады. Алайда, Ұлыбританияның өзінде сөз бостандығы шектеулі. Десе де, ВВС арқылы тек британдықтар ғана емес, әлем жұртшылығы маңызды ақпараттардан құлағдар болып отыр [5].

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті төрағасының орынбасары Михаил Комиссаров еліміздегі 24 ұлттық арнаның 14-і мемлекет меншігінде екенін айтады. Яғни, бұл жерде біз арнайы мемлекеттік тапсырыстың жұмыс істейтіндігін көре аламыз. Ал бұл елдегі сөз бостандығын айтарлықтай шектейтіндігін айтпаса да белгілі.

Маманның сөзінше, 2018 жылы медианы бюджеттік қаржыландыру жарнамадан түскен кірістерден асып түсті. Бұл Қазақстан үшін де, медианарық үшін де алаңдайтын жайт. 2018 жылы мемлекеттік қаржыландыру 53 миллиард 442 миллион теңгені құраған. Бұл – жоғарыда аталған 14 ұлттық арнаға 100% мемлекеттің қатысуымен жүретін тапсырма. Сондай-ақ, мемлекеттік тапсырыс жекеменшік арналарға да беріледі. Алайда олардың үлесі көп емес.

«Медианың мемлекеттің меншігінде болғанына қалай қарайсыз?» деген сауалнамаға сұралғандардың 95%-ы қолдамайтындықтарын айтып, жауап берген.

Министрлік өкілі плюриализм мен БАҚ-тың алуантүрлілігі оны дамытпайтындығын да, ілгері бастырмайтындығын да айтады. Оның айтуынша, ешкім балама идеяны айтуға, сайлау туралы, рұқсат берілген, берілмеген шерулер жайлы пікір білдіру үшін мемлекеттік арнаның студиясына бара алмайды. Онда жауаптары келісілген, айтар пікірі тексерілген адамдар ғана бара алады. Яғни пікірталас жоқ, идеялар нарығы жоқ [6].

Нархоз университетінде арнайы жасанды интеллект ойлап табылған. Ол 500-ге жуық мақалаларға сараптама жасап, елімізде сөз бостандығы бар екенін анықтапты. Сондай-ақ, Қазақстан Медиа Альянсы бірлестігінің басшысы Арманжан Байтасов та *VoxBall* қосымшасында «Қазақстанда сөз бостандығы бар ма?» деген сауалнама жүргізіп, 50-де 50 нәтиже алғанын айтты. *Медиа маманның сөзінше, Қазақстанда ғаламтор да, әлеуметтік желілер де еркін жұмыс істейді [7].*

Алайда, 2019 жылдың 9 мамырында елдегі барлық әлеуметтік желілер бұғатталып, бірқатар ақпараттық сайттардың да жұмысы тоқтаған. Бұл Қазақстандағы кезектен тыс Президент сайлауымен тікелей байланысты.

Әлемдегі интернет бостандығына мониторинг жүргізетін Ұлыбританияда орналасқан Халықаралық NetBlocks ұйымының атқарушы директоры Альп Токер Қазақстанда ғаламтор Нұрсұлтан уақыты бойынша сағат 11:00-де бұғатталып, түстен кейін қайта қосылғанын жеткізді.

Сондай-ақ, ұйымның есебінше, түскі сағат 13:00-де Twitter әлеуметтік желісі мен тікелей эфир функциясы да бұғатталған. Netflix бұл жағдай Қазақстанның демократиялық процесіне тікелей қауіп төндіретінін жеткізді.

